



Мемлекеттік саясат: ЖАҢА ЖОБАЛАР

Халықты әлеуметтік
қолдауда маңызды
өзгерістер бар

7

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №1 (6452) 5 қаңтар, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ТЕК ҚАНА АЛҒА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК!»

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақытыңыздың тығыздығына қарамастан «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат беруге келіскеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің қоғамды толандыратын мәселелер туралы пікіріңіз қазақ баспасөзі үшін өте маңызды. Сондықтан түрлі тақырыпта өзіңізбен ашық әңгіме өрбіткіміз келеді. Өткен жыл несімен есіңізде қалды?

– Осы мүмкіндікті пайдаланып, барша отандасымды тағы да Жаңа жыл мейрамымен құттықтаймын!

2023 жыл еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы жыл болды. Біз негізгі саяси реформаларды аяқтап қалдық. Конституциялық Сот жұмысын бастады. Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жаңа ереже бойынша сайланды. Алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайладық. Ауыл және аудандық маңызы бар қала әкімдерін сайлау жалғасты. Былтыр 700-ге жуық ауыл әкімі сайланды.

Біз әділ және бәсекелі экономика жүйесін құруға кірістік. Экономиканы әртараптандыру және монополиядан арылту, инфрақұрылымды жаңғырту, бизнесті қолдау, инвестиция тарту жұмыстарымен мықтап айналыстық. Әлеуметтік салада қордаланып қалған мәселелер біртіндеп шешіле бастады. Еліміздің түкпір-түкпірінде білім ошақтары, оның ішінде, «жайлы мектептер» бой көтеруде. Ауылдарда денсаулық сақтау нысандары салынып жатыр. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға кешенді түрде қолдау көрсету үшін Әлеуметтік кодекс қабылданды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтар үшін арнайы төлемақы енгізілді. Табиғатты қорғауға жауапты мекемелердің қызметкерлеріне олардың өмірі мен



денсаулығына төнетін қауіп-қатерге қатысты үстемасқы төленетін болды. Медицина қызметкерлерінің, мектепте, колледжде және балабақшада жұмыс істейтін педагогтердің жалақысы өсті. Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселесін реттейтін заң күшіне енді. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде инфляция деңгейін ескере отырып, ең төменгі жалақыны анықтайтын әдіс-тәсіл қабылданды. Осы жұмыстың бәрі 2024

жылы да жалғасады. Біз тиянақты және жоспарлы әрекет жасаймыз, мақсатқа жету үшін үздіксіз алға ұмтыламыз. Бұл – айрықша маңызды жыл болмақ. Өйткені, осы кезең еліміздің алдағы бес жылдағы дамуына негіз болады.

– Ал жаңа жылдан не күтесіз? Еліміздің алдында қандай міндеттер тұр?

– Мен өткен қыркүйектегі Жолдауымда жаңа экономикалық үлгіге көшетінімізді

айттым, 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді қазіргіден екі есеге арттыру мәселесін басты стратегиялық мақсат ретінде белгіледім. Көп ұзамай Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді. Онда еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы шығарылып, алдағы жұмыстың амал-тәсілдері айқындалады.

(Жалғасы 2-3-беттерде).

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ – СЫРҒАНАҚ

Алматыда 20-дан астам ашық мұз айдыны жұмыс істейді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қыстың қызығы – шаңғы теуіп, мұз айдындарында конькимен сырғанау. Қысқы демалысқа шыққан оқушылар мен студенттер бос уақытын қайда өткізе алады? Ол үшін Алматыда қандай жағдай жасалған? Конькиді жалға алудың құны қанша?

Жалпы қала әкімдігі тарапынан қысқы бұқаралық спорт түрлеріне деген қамқорлық жыл өткен сайын күшейіп келеді. Бүгінде мегаполис тұрғындары мен қонақтары үшін жиырмадан астам мұз айдыны жұмысын бастады. Соның 12-сі тегін жұмыс істеп тұр.

Бұқараға тегін қызмет етіп тұрған сегіз мұз айдыны төменде көрсетілген мекенжайда орналасқан:

1. Республика сарайының алдындағы Абай алаңында;
2. 28 Панфиловшылар саябағы;
3. Тұңғыш Президент саябағы;

4. Орталық стадион;
5. М. Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры;
6. Н.Сац атындағы академиялық жасөспірімдер театры;
7. «Гүлдер» саябағы;
8. №6 Оқушылар үйі.

16

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.01.2024

Түнде:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+5,+6 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

6.01.2024

Түнде:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+5,+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с
www.almaty-akshamy.kz




Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Ұлттық құрылтайдың отырыстары идеология саласындағы мәселелерді, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру ісін, қоғамның құндылықтар жүйесін жаңғырту жайын талқылайтын тиімді пікірталас орнына айналды. Бұған дейін жаздығүні шақырылып келе жатқан Құрылтайдың отырысын биыл сәл ертерек, көктемде өткізетін шығармыз.

Осылайша биыл экономикалық, қоғамдық-саяси және гуманитарлық салаларда атқарылатын жұмыстың негізгі бағыт-бағдары бірінші тоқсанда-ақ айқындалады.

Біз ұлт мүддесін ескере отырып, сындарлы әрі саликалы сыртқы саясатты жалғастырамыз. 2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды саммит, форумдар өтеді. Қазақстан бірнеше беделді халықаралық ұйымға, атап айтсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етеді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу де еліміз үшін айтулы оқиға болмақ. Байрақты бәсеке ұлттық спорт пен саламатты өмір салтын дәріптеу жағынан да, Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыру тұрғысынан да маңызды екені сөзсіз.

Ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайта түсуге зор септігін тигізеді. Биыл әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125, даңқты батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақыжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толады. Сонымен қатар, тарихшылардың пайымдауынша, Жошы ұлысының іргесі қаланғанына – 800 жыл. Мемлекеттілігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін осы айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер қолға алынады. Биыл Қазақстан тарихының көптомдығын әзірлеу жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл – өзімізден 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық маман жұмылдырылып, тыңғылықты жасалып жатқан үлкен шаруа.

Осындай маңызды оқиғалардан бөлек, күнделікті атқарылуға тиіс жұмыстар да аз емес. Бұл жылдың ел тарихында қандай орын алатыны барша азаматымыздың ерік-жігеріне де байланысты. Мен жаңажылдық құттықтауымда биыл бәріміз тұтас ұлттың өсіп-өркендеуіне куә болатынымызды айттым. Бірақ осы мақсатқа жету үшін біз бір ел болып, білек сыбана жұмыс істеуіміз керек.

– **Қасіретті Қаңтар оқиғасынан бері тура екі жыл өтті. Қаңтар Қазақстан тарихындағы жаңа дәуірге жол ашқан бетбұрыстың белесі болды. Сіз бұған дейінгі сөздеріңізде, сұхбаттарыңызда сол қайғылы оқиғаға нақты база бердіңіз. Дегенмен, әлі де бірқатар сұрақ бар. Қаңтар оқиғасына әртүрлі түсініктеме беретіндер де кездеседі. Алмағайып күндерден бері біршама уақыт өтті. Қазір Сіз сол оқиғаны қалай сипаттар едіңіз? Оның басты себебі неде және оған не түрткі болды деп ойлайсыз?**

– Мен бұл туралы көп ойландым, әлі де жиі ойланамын. Меніңше, қасіретті Қаңтар оқиғасына жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жалпы тоқыраудың билік пен қоғамды аздырып-тоздыруы себеп болды. Бұл – айтпаса да түсінікті жайт.

Мен 2019 жылы Президент болып сайланғаннан кейін мемлекетіміз саяси жүйені демократияландыруға, қоғамдық өмірге еркіндік сипат беруге, экономиканы монополиядан арылтуға бет бұрды. Реформаларды әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қоғам өкілдері, белсенді азаматтар, сарапшылар қатысты. Түрлі диалог алаңдарында, соның ішінде, менің ұсынысыммен арнайы құрылған Ұлттық қоғамдық сенім



кеңесінің отырыстарында көптеген бастама көтеріліп, жан-жақты пысықталды.

Ашығын айтсам, осы жаңа бағдарымыз кейбір ықпалды адамдарға мүлде ұнаған жоқ. Олар бұл өзгерісті елімізде әбден табыр жайған жүйеге және билік құрылымындағы өздерінің «ерекше мәртебесіне» төнген қатер деп қабылдады. Мұндай адамдар елдегі өзгеріске астыртын, кейде тіпті ашық қарсылық білдіре бастады. Ақыр соңында реформаның бетін қайтарып, өздеріне ыңғайлы бұрынғы қалыпқа оралу үшін бәрін тас-талқан етуге шешім қабылдады.

Жоғары лауазымды тұлғалардан тұратын бұл топтың күштік құрылымдарға да, қылмыс әлеміне де орасан зор ықпалы болды. Сондықтан билікті күшпен басып алуға бел буды. Тергеу мәліметтеріне жүгінсек, олар 2021 жылдың ортасына таман дайындыққа кіріскен. Сосын Үкімет сұйытылған газдың бағасын күрт өсіру туралы жан-жақты ойластырылмаған, құқықтық негізі жоқ шешім қабылдады. Маңғыстау облысында арандатушылардың айтағына ілескен жұрт шеруге шықты.

Сол кезде Үкімет менің тапсырмаммен арнаулы комиссия құрды. Оның мүшелері қоғам өкілдерімен кездесіп, ортақ мәмілеге келу үшін бірден аймаққа барды. Бірақ наразылық шерулері экстремистік сипат алды. Оны қаскөйлер дереу өз мүддесіне пайдаланды.

Бас прокуратураның тергеуінен қаңтар оқиғасының бірнеше толқынмен өрбігенін көруге болады.

Шерулер алдымен Маңғыстау облысында басталды. Көп ұзамай басқа да өңірлерге жайылды. Орталық билік және әкімдіктер жағдайды реттеуге тырысқанымен, ел ішіндегі ахуал шиеленісіп кетті. Ортақ мәмілеге келу үшін жүргізілген келіссөздер мен диалогке толқуды ұйымдастырушылар еш мойын бұрмады.

Көптеген аймақта алғашқы қақтығыстар басталды. Мұның бәрі арнайы дайындалған жансыздары арқылы жағдайды одан әрі ушықтыруға тырысқан қаскөйлер үшін «іздегенге сұраған» болып шықты. Осындай аса күрделі жағдайдың өзінде құқық қорғау органдары күш қолданбай, сабыр сақтады. Бұл – екінші толқын.

Жетекшілері ымыраласқан топтың айтқанын екі етпейтін және лаңкестермен, оның ішінде сырттан келген лаңкестермен байланысы бар қылмыстық топтар өршеле-не іске кіріскенде үшінші толқын басталды. Олар арнаулы технологияны, арандатушылар мен қарақшыларды пайдаланып, бейбіт шерулерді жаппай тәртіпсіздікке ұластырды. Ұрып-соғу, қирату, өртеу, өзгенің мүлкін қасақана жою белең алды. Дүрбелең кезінде қарулы радикалдар мен лаңкес-

тер бір мезетте, бір ғана бұйрықпен мемлекеттік органдардың және күштік құрылымдардың ғимараттарына, қару-жарақ дүкендеріне, құқық қорғау мекемелері мен әскери бөлімдердің қоймаларына шабуыл жасады. Мұндай оқиға Алматыда ғана емес, бірқатар облыс орталығында да болды. Қаңтар оқиғасы кезінде үш мыңнан астам қару қолды болғанын айта кеткен жөн. Оның ішінде автомат, пулемет, тіпті гранатомет және басқа да атыс құралдары бар. Оған қоса, көлік инфрақұрылымы және телекоммуникация нысандары шабуылға ұшырады. Қарақшылар мен лаңкестер өзара ұйымдасып, бір-бірімен тығыз байланыста әрекет жасағанын тағы да қайталап айтқым келеді.

Қаскөйлердің мемлекеттік төңкеріс жасамақ болған жоспарын жүзеге асыру үшін экстремистер, қылмыстық топтар және әсіре діншілдер бірге қимылдады. Олардың мақсаты ел ішіне үрей туғызу, мемлекеттік институттардың қызметін тұралату, конституциялық құрылымның іргесін шайқау, ақыр соңында билікті басып алу еді.

Сол кездегі ахуал өте күрделі болды, еліміз құрдымға кетуге шақ қалды. Бұған жол бермеу үшін барлық іс-әрекетті күндіз-түні және сағат сайын тікелей өзін бақылап отырдым. Ішкі істер министрлігі арқылы Ақорда резиденциясына түрлі шабуыл жасалғалы жатыр, соған жүк көліктері пайдаланылады деген ақпарат жетті. Маған бас сауғалап, резиденциядан кету, тіпті шетел асу туралы ұсыныс бірнеше рет айтылды. Бірақ мен бұған үзілді-кесілді қарсы болдым. Телелдидар арқылы жасаған мәлімдемелерімнің бірінде қандай жағдай болса да, жұмыс орнымда қалатынымды ашық айттым. Екі апта бойы тапжылмай, Ақордада болдым, күн-түн демей, шұғыл жиналыстар өткіздім. Сол аласапыран күндерде мемлекетімізді сақтап қалу, елдегі заң мен тәртіп үстемдігін қалпына келтіру ең басты міндет еді.

– **Қазақстанға Ресейдің әскери қызметшілерін шақыру қаншалықты дұрыс шешім болды? Біздің мемлекетті сол кезде Ресей құтқарып қалды деген пікір көріні елде жиі айтылады.**

– Аймақтарда жаппай тәртіпсіздік белең алып, жергілікті билік дәрменсіздік танытқанда, Қауіпсіздік кеңесі Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жүгіну туралы шешім қабылдады. Қазақстан оның бітімгерлік күштерін тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ғана қысқа мерзімге енгізуді сұрады. Бұл жерде мына жайтқа баса мән беру керек. Біз бұл құрылымның мүшесі ретінде Ресейге емес, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жүгіндік.

Сол кезде осы ұйымның төрағасы Армения еді. Биыл ҰҚШҰ-ға Қазақстан төрағалық етеді. Құрылым жасағы, шын мәнінде, бітімгерлік рөл атқарып, қасіретті күндерде елді жайлаған жүгенсіздікті тоқтатуға септігін тигізді. Ұйымға мүше мемлекеттермен келісілгендей, бұл бітімгерлік күштер алдын ала ешқандай талап қоймастан, оның үстіне мерзімінен бұрын Қазақстаннан сыртқа шығарылды.

ҰҚШҰ бітімгерлік күштері лаңкестікке қарсы операцияларға қатысқан жоқ, бірде-бір оқ атқан жоқ. Армения жасағы «Ақсай» нан зауытын және «Алматы Су» мекемесін, Беларусь жасағы Жетігендегі аэродромды, Тәжікстан мен Қырғыз Республикасының әскери қызметшілері Алматы қаласының бірінші және екінші жылу электр орталықтарын, Ресей жасағы үшінші жылу электр орталығы мен телекоммуникация нысандарын күзетті. Осы маңызды нысандарға лаңкестік шабуылдар жасалуы мүмкін деген қауіп болды. Сондықтан бітімгерлік күштер соларды күзетуге жіберілді. Ең бастысы, сол арқылы өз күштерімізді лаңкестікке қарсы операцияға жұмылдыруға мүмкіндік туды.

– **Демек, бұл жүзеге аспай қалған мемлекеттік төңкеріс қой. Ендіше, Қаңтар оқиғасын халық көтерілісі, тіпті революция деп атап жүргендерге не айтар едіңіз?**

– Бастапқыдағы бейбіт шерулер жаппай тәртіпсіздікке, өртеу мен қиратуға ұласқан қайғылы оқиғаларға бүкіл әлем куә болды. Кім бейбіт шеруге автомат, тапанша және суық қару ұстап барады?! Ниеті дұрыс адам әскери қызметшілерді ұрып-соғып, өлтіре ме, оларды тірі қалқан етіп, әкімшілік ғимаратқа шабуыл жасай ма?! Бейбіт шеруде дүкендер мен банктер қиратылып, тоналып, көліктер өрттеле ме?! Билік органдарының ғимараттары мен полиция бөлімдеріне жасалған шабуылды айтпай-ақ қояйын. Осындай жаппай тәртіпсіздіктің салдарынан үш миллиард долларға жуық шығын келді.

Қаңтар оқиғасының себеп-салдарын бұрмалап көрсетудің қажеті жоқ. Турасына көшсем, бұл халық көтерілісі болды деген пікірлер қылмыстық әрекеттерді ақтау үшін айтылуда. Барып тұрған бұзақыларды батырға балап, жұртты арандататын әрі жауапкершіліктен жұрдай сыңаржақ пайымдар қылмыстық психологияның қоғам санасына сіңуіне әкеп соқтырады. Мұндай әңгімелер – ұлттық қауіпсіздікке және халықтың жаймашуақ өміріне қатер төндіретін жаппай тәртіпсіздікке шақырумен пара-пар. Бұл – өте қатерлі үрдіс. Сондықтан осындай жүгенсіздікті сыңға алу мәселесіне келгенде мемлекет пен қоғамның



ТЕК ҚАНА АЛҒА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК!



ұстанымы ортақ болуы керек. Мен бұған сенімдімін.

— **Онда азаматтар биліктің іс-әрекеті ұнамайтынын қалай білдіре алады?**

— Елімізде биліктің іс-әрекетіне жария түрде келіспеушілік білдіруге толық мүмкіндік бар. Азаматтар өзін толғандыратын мәселе туралы ашық айта алады. Мен мемлекеттік органдардан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес, қоғамның пікірімен санасуды талап етіп келемін. Елімізде бейбіт жиналыстарды реттейтін демократиялық сипаттағы заң бар. Жакында петицияларды тапсыру және қарау тәртібін реттейтін заң қабылданды.

Сондықтан бір нәрсені анық білуге тиіспіз. Бейбіт шеруге тыйым салынбайды, ал жаппай тәртіпсіздіктің кез келген түріне қатаң тосқауыл қойылады. Елімізде заң мен тәртіпті қана үстемдік құруға тиіс. Бұл — мен үшін мызғымас қағида. Демократияның бесігі саналатын батыс елдеріне қараңыздар, ешкім де көшеде жаппай тәртіпсіздік жасаған, мемлекеттік органдарға шабуылдаған адамның маңдайынан сипап, өбектеп отырмайды.

Полиция жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушыларды, яғни биліктің заңды талаптарына қарсы шығуға үндеген, қару-жарақ әкеліп таратқан, жағдайды ушықтырып, адамдарды күш қолдануға, маңайдағының бәрін қиратуға, өртеп-талқандауға азғырған адамдарды анықтап, әшкереледі. Ал тәртіпсіздікке кездейсоқ қатысқан, білместікпен арандап қалған адамдардың бұзақыларға қатысы жоқ. Оларға менің бастамамен рақымшылық жасалды. Бұған дейін сотталған 1205 адамның 1095-і осы рақымшылыққа ілікті. Ал жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырғандар мен лаңкестік әрекеті, мемлекетке сатқындығы, билікті күшпен басып алуға тырысқаны және басқа да ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандар жазасын толығымен өтейтін болады.

— **Келесі сұрақ сізге ұнамауы мүмкін. Бірақ бұл сауалды қоймасқа тағы болмайды. Сіз 2019 жылы Президент лауазымына сайланғаннан кейін елімізде қосарланған билік жүйесі қалыптасты-мыс деген сөз тарады. Кейбіреулер біздің саяси жүйемізді Иранның, Сингапурдың жүйесімен салыстырды. Шынымен де, сол кезде елімізде екі билік орталығы орнағандық көрінді. Расымен солай болды ма?**

— Төтесінен қойған сұрағыңызға тура жауап берейін. Конституцияға сәйкес, Президент еліміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, мемлекетіміздің жоғары лауазымды тұлғаларын, Қарулы Күштеріміздің жоғары

басшылығын тағайындайды және оларды қызметінен босатады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы еліміздің Жоғарғы Бас Қолбасшысы саналады.

Алайда, бәзбіреулер қосарланған билік жүйесін орнатуға талпынғаны, тіпті, мұндай әрекеттерді әдейі әрі мүқият ұйымдастырғаны рас. «Билік транзиті» кезіндегі ахуалды саясаттағы айлакерлер өз мүддесіне пайдаланып, қосамжарланған билік орталығын құруға тырысты. Елімізде Президент әрі Жоғарғы Бас қолбасшы лауазымы бір бөлек, бұрынғы Президент иеленген Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы лауазымы бір бөлек болды. Осы екі лауазымның иелері бір мезетте қатар қызмет атқарды. Түптің түбінде бұл жағдайдың билікте қатаң текетірес туғызбай қоймасы анық еді.

Мұны аз десеңіз, дәл осы жағдай Қаңтар дағдарысына әкеп соқтырған алғышарттың бірі болды. Өйткені, ымыраласқан қаскөйлер өздері ойлап тапқан қосарланған билік, яғни «тандем» идеясын дәріптеп, оны өз мүддесіне пайдаланғысы келді. Кейбір лауазымды тұлғалардың, оның ішінде бұрынғы Әділет министрінің мәртебе жағынан Елбасы Президенттен жоғары тұратынын айтқаны естеріңізде шығар. Кейбір шенеуніктер біресе ана, біресе мына кабинетті жағалап жүрді. Олар ойнақтап жүріп, ақыры от басты. Мен кейінірек Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа оның жақын серіктерінің саяси китүркылығы еліміздің тас-талқанын шығара жаздағанын ашық айттым.

Қалай десек те, мемлекетте үлкен және кіші президент деген болмауы керек деп санаймын. «Кеттің бе — қайырылма!» Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар осы жағдайдан сабақ алып, мұндай нәрседен қашық болуға және тек қана мемлекеттің мүддесі мен қоғамның береке-бірлігін ойлауға тиіс.

Өкінішке қарай, ішкі саяси дағдарысқа байланысты туындаған сын сағатта негізгі құқық қорғау органдары басшыларының бетпердесі сыпырылып, олардың кәсіби биліксіздігі, қала берді сатқындығы әшкере болды.

Ата Заңға сәйкес жұмыс істейтін орнықты әрі тиімді мемлекеттік институттар жүйесін құру ауадай қажет екені Қаңтар оқиғасынан айқын көрінді. Біз бір ел болып бұл дағдарысты еңсердік, қиындыққа қасқая қарсы тұрып, одан тіпті шыңдалып шықтық. Азаматтарымыздың бекем бірлігінің және барлық деңгейдегі билік өкілдерінің батыл іс-әрекетінің арқасында алапат апаттың бетін қайтарып, елдегі ахуалды тұрақтандыра алдық. Кейін кейбір қаскөйлер тергеу кезінде халық жауапты сәтте жұдырықтай жұмыла біледі, билік

қандай қатерге де қаймықпай төтеп бере алады деп еш күтпегенін мойындады.

— **Қаңтар оқиғасынан кейін Сіз түбегейлі саяси реформаларды жүзеге асыруға кірістіңіз. Оны Батыс та мойындап отыр. Енді кешегі күнге оралмайтынымызды аңғартатын «асудан» астық деуге бола ма? Қайтадан кері кетпейтінімізге қандай кепілдік бар?**

— Мен саяси реформалардың 2019 жылы басталғанын айтып өттім. Сол кезде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Кеңесте маңызды заңнамалық бастамалар әзірленіп, жүзеге асырылды. Сайлау, саяси партиялар, Парламент туралы заңдарға елеулі өзгерістер енгізілді. Елімізде олигополияның диктатурасы туралы алғаш рет ашық айтыла бастады.

Бұл өзгерістер саяси және экономикалық монополия үстемдік құрып тұрған кезде жалғанды жалпағынан басып жүргендерге қауіп төндірді. Сондықтан олар уақыт тегершігін кері айналдырып, бұрынғы күніне оралу үшін жанталасып бақты. Бұдан еш нәтиже шыққан жоқ.

Қаңтар оқиғасынан кейін бәзбіреулер «енді билік қылбұрауды қатайтып, режимді сақтап қалу үшін барын салады» деп қауіптенді. Бірақ біз керісінше жасадық. Күрделі болса да, дұрыс жолды таңдадық.

Саяси жаңғыру үдерісі 2022 жылы тың қарқынмен жалғасты. Реформаның басты міндетінің бірі барынша әділ әрі теңгерімді саяси жүйе құру болды. Оған қоса, ат басын артқа бұру, яғни саяси өзгерістерді кері қайтару мүмкін болмайтындай, сонымен бірге реформалар қоғамдық өмірдегі қалыпты құбылысқа айналатындай ахуал қалыптастыру маңызды еді. Сол үшін конституциялық реформа аясында кертартпалыққа бірқатар тосқауыл қойылды.

Біріншіден, біз Ата Заңның үстемдігін қамтамасыз ететін, конституциялық бақылауды жүзеге асыратын жоғары орган — Конституциялық Сотты қайта қалпына келтірдік. Біреулерге Конституциялық Кеңестің аты ғана өзгергендей көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, оның заты түбегейлі өзгерді.

Конституциялық Сот шешімдерінің күшін ешкім жоя алмайды. Оның шешімдеріне, соның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарына қатысты байламдарына күмән келтіруге, Президенттің де еш қақы жоқ.

Ата Заңға енгізілуі мүмкін кез келген өзгеріс пен толықтыру Конституциялық Соттың оң қорытындысы болса ғана республикалық референдумға немесе Парламенттің қарауына шығарылады.

Конституциялық Сотта он бір қазы бар екені белгілі. Соның алтауын, яғни көпшілігін, Парламент палаталары таға-

йындайды. Ал төрағасын Президент тағайындағанымен, міндетті түрде Сенаттың келісімі қажет.

Екіншіден, негізгі ұстанымдар Конституцияда нақты айқындалып, біржола бекітілген. Мысалы, Ата Заңның 91-бабына сәйкес, Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері және осы жерде айрықша атап өтейін, Президент жеті жыл мерзімге бір рет қана сайланады деген ереже еш өзгермейді.

Үшіншіден, реформалардың нәтижесінде Мәжіліс жаңа сайлау жүйесімен, яғни партиялардың тізімі және бірмандатты округтер арқылы жасақталатын болды. Мәжілістің өкілеттігі де айтарлықтай кеңейді.

Бір сөзбен айтсақ, ескі жүйе келмеске кетті. Қазақстандағы саяси реформалар жүйелі ғана емес, ешқашан кері қайтпайтын түбегейлі сипатқа ие болды деп сеніммен айта аламыз. Мұның еліміз үшін айрықша маңызы бар. Себебі, ұлттың саяси сана-сезімі түбегейлі өзгерді. Жұрттың құқықтық сауаттылығы мен белсенділігі демократиялық жаңғырудың басты кепіліне айналды. Токетерін айтсақ, кері кетуге халықтың өзі жол бермейді және елге жаңа леп әкелген осы өзгерістерді табандылықпен қорғайды. Мен бұған бек сенімдімін.

— **Дегенмен, билікті сынап жүргендер, оның ішінде Батыстың өкілдері де Қазақстанда әлі күнге дейін саяси тұтқындар бар деп жатады. Бұған не дейсіз?**

— Саяси қудалау бар деп айту үшін цензура, арнаулы заңдар мен жазалаушы органдар болуы керек. Қазіргі Қазақстанда мұның ешқайсысы жоқ. Біздің заңнамалық азаматтарды саяси көзқарасы үшін қудалауға негіз болатын бірде-бір жарлық, бірде-бір заң, бірде-бір нормативтік құжат жоқ.

Керісінше, реформалардың нәтижесінде адам құқықтарын қорғау жүйесі нығая түсті. Заңдарға қазылардың тәуелсіздігін күшейтетін түзетулер енгізілді. Алқа билердің қарауына жататын істердің аясы кеңейді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты толық жұмыс істеп тұр. Оған конституциялық мәртебе берілді. Мен бытыр желтоқсан айында адам құқықтарына қатысты екінші Жарлыққа қол қойдым. Мұның бәрі осы салада дәйекті әрі түбегейлі өзгеріс жасалып жатқанын көрсетеді.

Мемлекеттің басты міндетінің бірі — заңның мүлтіксіз орындалуын, тәртіптің қатаң сақталуын толық қамтамасыз ету. Сондықтан заң бұзған кез келген адам жауапқа тартылады. Ал заң мен тәртіпті сақтау мәселесіне азаматтардың идеологиялық ұстанымы мен саяси көзқарасының еш қатысы жоқ. Заң бәріне ортақ.

Кейбіреулер прокуратура органдарының ескертуіне қарамастан, адам түсініп болмайтын кесірілік көрсетіп, заң бұзады. Ондай адамдар өзін заңнан жоғары қойып, «Атың шықпаса, жер өрте» деген ұстаныммен елге танымал болғысы келетін сияқты.

Көптеген тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істеп тұрған, саяси цензура атымен жоқ елде саяси қудалау бар деу қаншалықты орынды?

Ол аз десеңіз, жаңа заң қабылданып, бейбіт жиналыс өткізу үшін рұқсат алудың орнына хабарлау тәртібі енгізілген соң, Қазақстандағы бейбіт жиындардың саны еселеп артты.

Мен түйткілдердің түйінін айқай-шумен алаңда емес, диалог үшін арнайы құрылған орындарда, ең алдымен, Парламентте өркениетті жолмен, салиқалы түрде тарқату керек деп үнемі айтамын.

Қазір Парламентте түрлі көзқарастағы қоғам өкілдерінің мүддесін білдіретін сан алуан саяси күштер бар. Парламенттік оппозиция институты заң жүзінде бекітілді.

Соңғы сайлауда Мәжіліске алты партия өтті. Оның үшеуі алғаш рет депутаттық мандатқа ие болды. Тіпті, қазір Парламентте отырған партияның бірі — әуел бастан оппозициялық ұстанымдағы ұйым.

(Жалғасы 4-5-беттерде).



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ

(Жалғасы. Басы 1,2-3-беттерде)

Көптеген шетелдік сарапшылар мен әріптестер, соның ішінде Батыс елдерінің мамандары, Қазақстандағы демократиялық реформалардың озық үлгіде екенін айтып, оған қолдау білдіріп отыр. Шынымен де, біз геосаяси төңірегімізде ауқымды демократиялық өзгеріс жасап, адам құқықтарын қорғау ісінде зор табысқа жеткен бірден-бір елміз.

– **Әлеуметтік желіде Президент Конституцияға қатысты референдум өткізіп, 2026 жылы тағы да сайлауға түсуді жоспарлап отыр деген қауесет тарап жатыр. Бұл рас па?**

– Бұл – жалған ақпарат. Бұдан былай әркім ойына келгенін істеп, Ата Заңға оңды-солды өзгеріс енгізе алмайды. Ал осындай маңызды мәселеге келгенде, тіпті мүмкін емес. Мен бұған нық сенімдімін. Конституциялық реформа Ата Заңға қалай болса солай өзгеріс енгізе беру үшін жасалған жок.

Президент лауазымына бір-ақ рет сайлану туралы ереже енді ешқашан өзгермейді. Бұл талап мемлекетіміздің тәуелсіздігі, біртұтастығы, аумақтық тұтастығы және басқару нысаны туралы нормалар сияқты мызғымастай етіп бекітілген.

Ақыры осы тақырып қозғалған екен, бұған қатысты кейбір жайтқа кеңірек тоқталып, мән-жайын аша кетейін. Мен жетіжылдық бір ғана мерзім туралы идеяны осыдан 15 жыл бұрын жабық пікірталастарда айтып жүрдім. Сол кезде ұсыныс аса қолдау таба қоймады. Өзім Президент болып сайланғаннан кейін осы бастамамың артықшылығы мен кемшілігін әбден салмақтап, оны қалай жүзеге асыруға болатыны жөнінде көп ойладым.

Суперпрезидентке тән өкілеттіктерді жою үшін 2022 жылы Конституцияға бірқатар маңызды өзгеріс енгізілді. Мен сол кезде жетіжылдық бір мерзім идеясын қайта ұсындым. Бастамама бүкіл халық қолдау білдірді. Осымен бұл әңгіме тәмам.

– **Экономика тақырыбына ойысақ. Сіз былтырғы Жолдауыңызда Әділетті Қазақстанның жаңа экономикалық бағдарын жарияладыңыз. Онда 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есе арттырып, 450 миллиард долларға жеткізу көзделген. Алайда, Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің болжамдарына сенсек, 2023-2024 жылдары ел экономикасының өсімі 3-4 пайыздан аспайды. Мұндай қарқынмен мақсатқа жете аламыз ба?**

– Әрине, бұл – жетуге болатын меже. Халықаралық валюта қорының сарапшылары 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Ішкі жалпы өнімі қазіргі бағамен есептегенде, 259 миллиард доллардан асады, яғни 2022 жылмен салыстырғанда, 15 пайызға артады деп бағалап отыр. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары ақпалай өсім. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім де өсіп келеді. Бұған қатысты болжамды көрсеткіш былтыр 13 мың долларға жуықтады.

Оның жыл сайынғы өсімі 1,6 мың доллар болады деп бағалануда. Халықаралық валюта қорының болжамына сәйкес, 2028 жылға қарай бұл көрсеткіш отыз пайыздан да көбірек артып, 16,8 мың долларға жетеді.

Шын мәнінде, мен үшін макроэкономикалық көрсеткіштер соншалықты маңызды емес, азаматтардың тұрмыс сапасының іс жүзінде жақсаруы одан әлдеқайда маңыздырақ.

Халқымыз «Жаксы сөз – жарым ырыс» дейді. Үкімет экономиканы басқарудың тың тәсілдерін қолдана алса, жаңа айтылған жақсы болжамдар ақиқатқа айналады. Осы орайда негізгі екі бағытқа тоқталайын.

Біріншіден, еліміздің өркендеуіне жол ашатын бірқатар нақты міндетті шешу қажет. Сондай міндеттің бірі – ауқымды өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру. Қыркүйектегі Жолдауда Үкіметке мұндай жобаларды анықтау және Инфрақұрылымды дамыту жоспарын әзірлеу туралы тапсырма



берілді. Бұл жобалар ірі бизнес өкілдерімен, институционалды инвесторлармен және сарапшылармен бірге пысықталып, нақты жұмыс жасалып жатыр.

Тағы бір маңызды міндет – инвестиция тарту. Бұл міндетті орындауға жекешелендіру және активтерді қайтару науқандары да септігін тигізеді.

Қомақты инвестиция болса, экономика қарқыны үдейе түседі және жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Осы орайда мен жақында Инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл штабқа еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсарту және инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыру үшін ауқымды өкілеттік берілген.

Екінші бағыттағы жұмыс экономиканың барлық саласына қатысты «ойын тәртібін» белгілейтін жүйелі реформаларды жүзеге асыру шараларын қамтиды.

Менің тапсырмаммен Үкімет мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын қайта қарауға мүмкіндік беретін жаңа Салық кодексін әзірлеп жатыр. Салық жүйесін жетілдіргенде тек төлем жинау тәсілімен шектеліп қалмау өте маңызды. Бір жағынан, инвесторларға қолайлы жағдай жасау керек. Екінші жағынан, бюджет кірісінің азайып кетпеуіне мән берген жөн. Яғни таразы басын тең ұстау қажет.

Жаңа Бюджет кодексі де – өте маңызды құжаттың бірі. Біз «қазына қаражатына» деген көзқарасымызды өзгертіп, оны тиімді, жөнімен әрі үнемдеп жұмсауға тиіспіз.

Бұл ретте мемлекеттік сатып алу ісін және мемлекет пен жеке сектордың серіктестігін реттейтін жаңа заңдар елеулі рөл атқарады. Осы құжаттар мемлекеттік сатып алу ісінің ашық болуын да қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, экономиканы дамытуға қажетті қаражат қорын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Квазимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруға көп көңіл бөлу қажет. Қазір бұл секторды жаңғырту шаралары айқындалып, іске асырылып жатыр.

Сіздің сұрағыңызға жауап бере отырып, мына мәселеге назар аударғым келеді. Әлемдегі экономикалық ахуал біздің елге де салқынын тигізетіні сөзсіз. Алайда, кез келген қиындық жаңа мүмкіндікке жол ашады. Үкіметтің жел қайдан соқса да желкенді өзіне оңтайлы бұра алатындай, жан-жақты ойластырған жоспары болуға тиіс. Экономиканың өсімін ынталандыру шаралары мен құрылымдық реформалар қатар жүруі керек. Нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту, жекеменшікті қорғау, әділ сот төрелігі болуы өте маңызды. Сонда ғана көздеген мақсаттарымыздың бәріне

қол жеткізіп, белгіленген мерзімде ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайта аламыз.

– **Несиеін өтей алмай жүрген адамдар біздің газетімізге жиі хат жазып, қоңырау шалады. Жалпы, халықтың қарызға батуды күрделі мәселе болып тұр. Осы мәселені шешу үшін не істеліп жатыр?**

– Мен азаматтарымыздың қарызға белшеден батқанына қатты алаңдаймын. Себебі, бұл мәселе жұрттың әлеуметтік жағдайына және еліміздегі қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мен 2019 жылы Мемлекет басшысы ретінде қол қойған алғашқы құжаттың бірі қиын жағдайға тап болған азаматтардың борышын азайту туралы Жарлық еді. Сол уақытта 500 мың адамның кепілсіз алған несиеі кешірілді. Бұл бірреттік шара болатын. Ал 2023 жылы жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң күшіне енді. Мұның бәрі мәселенің ушығып кетпеуіне ықпал етті. Осы жағдайды түбегейлі өзгерту үшін былтырғы Жолдауымда Үкіметке тың шараларды қолға алуды тапсырдым.

Негізінен, бұл жағдайға жұрттың қаржылық сауаттылығының төмендігі себеп болып отыр. Екінші жағынан, тұтыну несиеін беру тәртібін және коллектор ұйымдарының қызметін қатаң реттеу керек.

Сол үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. Мысалы, соңғы жылдары банктер мен микрокредит ұйымдарына қойылатын тұтыну несиеі капиталының көлеміне қатысты талаптар бес есе күшейтілді. Төлеу мерзімі өтіп кеткен берешегі бар адамдарға несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ, қарызын уақытылы өтей алмаған борышкерге 90 күннен әрі айыппұл салуға болмайды. Коллектор агенттіктеріне тұрақты тексеру жүргізіледі.

Борышкерлер құқығын қорғау үшін несие беру туралы заңнамаға енгізілетін түзетулер әзірленді. Бұл өзгерістер банктерге, микрокредит ұйымдарына және коллектор агенттіктеріне талапты одан да күшейте түседі. Несиелерді коллектор компанияларына сатуды шектеу ұсынылады. Коллектор компаниялары қарызды өзіне алған соң мәселені реттеп көруге міндетті болады. Банк омбудсменінің өкілеттігі де кеңейтіледі. Қазір бұл құжатты Мәжіліс депутаттары қарап жатыр. Мен бұл бастаманы қолдауға дайынмын.

– **Қазір көптеген отандасымыз қымбатшылық белең алғанына, тарифтердің өсіп жатқанына, жұмыссыздық мәселесінің шиеленіскеніне және аймақтардағы жалпы ахуалға алаңдап отыр. Күнделікті күйбеңнен және аяқастынан туындайтын түйткілдерден бас көтере алмай жатқан қазіргі Үкіметтің стра-**

тегиялық міндеттерді іске асыруға қауқары бар ма? Сіз Үкімет жұмысының тиімділігіне қандай баға бересіз?

– Кез келген елдің Үкіметі стратегиялық міндеттері мен күнделікті жұмысын қоса атқарады. Бізде де солай. Ең бастысы, тиімді жоспарлау және ресурстарды орында пайдалану керек.

Үкіметтің қазіргі құрамы былтыр көктемде ғана жасакталды. Конституциялық реформа жасалып, Парламент сайлауы өткен соң алдыңғы Парламенттің де, Үкіметтің де мандаты күшін жойды. Конституцияға сәйкес бұрынғы Үкімет жаңадан сайланған Мәжіліс депутаттарының алдында өз өкілеттігін тоқтатты. Сайлауда ең көп дауыс алған Аманат партиясы Премьер-Министрдің кандидатурасын ұсынды. Әрине, партия мұны Президентпен ақылдаса отырып жүзеге асырғанын жасырмаймын. Аманат партиясының сайлау алдындағы тұғырнамасының экономикаға қатысты бөлігі қазіргі Үкіметтің бағдарламасы негізінде жасалды.

Бүгінде Үкіметтің өкілеттігі айтарлықтай кеңейді. Қыркүйек айында құрылымы өзгерген Президент Әкімшілігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты стратегиялық бағыттарға баса назар аударатын болды. Енді Әкімшілік бұрынғыдай Үкіметті, кейбір министрліктер мен ведомстволарды жетелеп жүрмейді. Президент Әкімшілігі атқарушы биліктің қызметіне араласпай, басты саяси штаб ретінде ғана жұмыс істейді. Осыған дейін екі органның да құзырында болған бірқатар өкілеттік Үкіметке берілді. Түрлі салаға қатысты шешім қабылдау құқығы Үкіметке және басқа да жауапты органдарға өтті. Аймақтардың бюджетке қатысты дербестігі арта түсті.

Бір сөзбен айтсақ, қазір Үкіметтің өнімді жұмыс істеуі үшін мүмкіндіктері жеткілікті. Атқарушы билікке жан-жақты ойластырылған іс-қимыл стратегиясы және өз міндетін тиімді жүзеге асыруға деген ынта-жігер ғана қажет. Дербестікке және қосымша өкілеттікке ие болуға ұмтылған Үкімет қалағанын алды. Бірақ «алмақтың да салмағы бар», оларға қойылатын талап та күшейді. Үкімет мұны түсінуге тиіс.

– **Еліміздің отын-энергетика кешені мен коммуналдық шаруашылығының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – Үкіметтің міндеті. Қазіргі Үкімет бұл міндетін дүпірмен, әрең атқарып отыр деуге болады. Апаттардың салдарымен күресіп, қыстың көзі қырауда еліміздің түкпір-түкпіріндегі елді мекендерді жылумен, жарықпен, сумен шұғыл қамтамасыз етуге тура келеді. Қалайша осындай жағдай қалыптасып отыр?**



ТЕК ҚАНА АЛҒА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК!



– Жылу электр орталықтарындағы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы мүшкіл ахуал – көп жылғы салғырттықтың салдары. Осы саладағы түйткілдер бір күнде аяқастынан пайда бола қалған жоқ. Оның бәрі жылдар бойы қордаланған мәселелер екені баршаға мәлім. Өңірлердегі жылу орталықтары мен басқа да құрал-жабдықтардың 80 пайызы әбден тозған. Өткен жылдарда коммуналдық шаруашылыққа салынған инвестиция бұл саланың қажетін өтеуге жеткіліксіз болды.

Электр энергетикасы нысандарында болып жататын кішігірім оқиғаларды дардай қылып көрсетіп, жылумен қамтамасыз ету ісіндегі болмашы олқылықты «қасіретке айналдыруға» ұмтылатын әлеуметтік желідегі белсенділер отқа май құйып, елді дүрбеленге салып жүр.

Бүкіл Қазақстандағы инженерлік инфрақұрылымды толық жаңғырту – өте ауқымды әрі күрделі міндет. Бұл мәселе біртіндеп шешіліп жатыр. Көктем-жаз айларында Үкімет пен әкімдіктер жылу маусымына дайын болу үшін біраз жұмыс жасады. Жағдайы сын көтермейтін бірқатар нысанды жөндеді.

Ең алдымен, күрделі апаттардың алдын алып, үйлерге жылуудың үздіксіз берілуін қамтамасыз ету керек. Бірақ жаңа қуат көздерін ашу, желілерді біртіндеп жаңарту және коммуналдық саланы түгел жаңғырту басты міндет екенін ұмытпаған жөн.

Қазір жылу желілері әрең жұмыс істеп тұр. Үкімет пен әкімдіктер батыл қимылдап, қажетті шараларды дереу қолға алуы керек. Онсыз болмайды.

– Мұның бәрі еліміздегі энергетикалық қауіпсіздік нысандарының жсай-күйі көңіл көншітпейтінін білдіреді. Сіз Жолдауыңызда АЭС салу-салмау мәселесі жалпыхалықтық референдум арқылы шешіледі деп мәлімдедіңіз. АЭС «жасыл» энергия саналғанымен, қоғамда бұған қатысты әртүрлі пікір айтылып жүр. Мұндай нысан салу туралы жоспардың геосаяси астары да жоқ емес. Сіздің ұстанымыңыз қандай?

– Қазақстан үшін таза атом энергиясының мәні зор. Бұл – ел экономикасының болашағына тікелей әсер ететін айрықша маңызды мәселе. Біз табиғи уран өндіру көлемі жағынан әлемде бірінші орын аламыз. Ядролық отын компоненттерін де өзіміз өндіреміз. Сол себепті, мен еліміздің аумағында АЭС салу жайына айрықша мән беремін. Түптеп келгенде, энергетика қауіпсіздігі мәселесін геосаяси мүдде емес, нақты қажеттілік пен мүмкіндіктер тұрғысынан қарастырып, ғылыми зерттеулер негізінде шешкен жөн.

Ел ішінде АЭС құрылысына үзілді-

кесілді қарсылық білдіріп жатқандар да бар. Бұл – түсінікті жайт. Көпшілік Семей ядролық полигонының қасіретін ұмыта қойған жоқ. Мұқият назар аударуды қажет ететін басқа да күрделі жайттар бар. Мысалы, жобаның құны мен экологияға әсерін қаперден шығаруға болмайды.

Сондықтан бұл бастаманың мән-маңызын ескере отырып, АЭС құрылысына қатысты мәселені жалпыхалықтық референдумға шығаруды ұсындым. Халқымыз үшін аса маңызды осындай шешімдердің референдум арқылы ғана қабылданатыны 2019 жылғы сайлау алдындағы бағдарламада нақты көрсетілді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен Әділетті Қазақстан қағидаттарының іс жүзінде орындалуы дегеніміз – осы.

Болашақта әлі талай қоғамдық талқылау өткізіледі. Азаматтар референдумда дауыс берген кезде АЭС салуды жақтаған немесе қарсы болған сарапшылардың дәйекті пікірлерін барынша таразылап, ой елегінен өткізіп барып шешім қабылдауға тиіс. АЭС саламыз ба, салмаймыз ба – мұны халық шешеді.

– Былтыр сыртқы саясат саласында ауқымды жұмыс атқарылды. Қазақстан түрлі саммиттер мен форумдарда өз ұстанымын барынша салмақты жеткізе білді. Сіз әлемдік деңгейдегі көшбасшылармен көптеген кездесу өткіздіңіз. Әсіресе, өңірлік «C5+» үлгісіндегі басқосулардың маңызы арта түсті. Мұның бәріне Сіздің әлемдік дипломатиядағы абырой-беделіңіз де белгілі бір дәрежеде ықпал еткені анық. Алдағы уақытта сыртқы саясатымызда қандай айтулы оқиғалар болмақ?

– Қазақстан тиімді әрі сапалы сыртқы саясат жүргізу арқылы өзінің ұлттық мүддесін қорғап, стратегиялық міндеттерін орындап келеді. Біздің өзгермейтін мақсат-мұратымыз бар. Бұл – еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, экономикамыздың орнықты дамуына барынша қолайлы жағдай жасау. Мен он жыл Сыртқы істер министрі болғанда осы басымдықтарды айқындауға тікелей атсалыстым. Қазіргідей аумалы-төкпелі геосаяси жағдайда бізге шетелдік серіктестеріміздің бәрімен, әсіресе, көршілерімізбен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту маңызды.

Сіз «C5+» үлгісіндегі ықпалдастықтың өзектілігі артып келе жатқанын дұрыс аңғардыңыз. Орталық Азия – геосаяси ахуалға қатысты өз пайымы бар әрі қарқынды дамып жатқан аймақ. Бүгінде бұл өңір сауда, инвестиция, бизнес, инновация үшін жаңа мүмкіндіктер орны болып отыр. Сол

себепті, әлем елдері Орталық Азияға айрықша назар аударуда. «C5+» үлгісі маңызды диалог алаңына айналды.

Тұрақты әрі өзара сенімге негізделген жоғары деңгейдегі диалогтер болмаса, аймақтағы мемлекеттердің басқа да ықпалды елдермен қарым-қатынасын қарқынды дамытуы неғайбыл еді. Соңғы жылдары бұл бағытта біршама ілгерілеу бар. Әсіресе, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының жыл сайынғы консультативтік кездесулері нәтижелі өтіп келеді. Айтпақшы, Қазақстан төраға ретінде биыл да осындай үлгідегі кездесу ұйымдастырады. 2024 жылы еліміз өңірлік және халықаралық деңгейдегі бірқатар ықпалды ұйымдар мен бірлестіктерге төрағалық ететінін жаңа ғана айтып өттім.

Тағы бір маңызды шара – Астана халықаралық форумы. Биылғы маусым айында өтетін алқалы жиынға әлемнің көптеген көшбасшысы мен жаһандық деңгейдегі компаниялардың жетекшілері қатысады. Жиында климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік сияқты барша елдерге ортақ мәселелер талқыланады.

БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында Франциямен бірлесіп «One Water Summit» халықаралық форумын өткізу туралы уағдаластықтың мән-маңызы зор. Бұл басқосу климаттың өзгеруіне қатысты жаһандық қозғалысқа сүбелі үлес қосатын жиын болмақ.

– 2024 жылдың наурыз айында Ресейде президент сайлауы өтеді. Бұл оқиға жаһандағы және аймақтағы ахуалға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Биыл Ресейде ғана емес, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Үндістанда, Әзербайжанда және басқа да мемлекеттерде сайлау өтеді. Сондай-ақ, Еуропарламент депутаттары сайланады. Әрине, біз осы сайлау науқандарын жіті бақылап отырамыз.

Ресейде өтетін президент сайлауының біз үшін мәні зор екені сөзсіз. Өйткені, Астана мен Мәскеу арасында өте жоғары деңгейде қарым-қатынас орнаған. Ресей Қазақстанның негізгі серіктесі әрі одақтасы екені баршаға аян. Өткен отыз жылда мемлекетаралық байланыстардың іргесі беки түсті. Екі ел арасында 300-ден астам шарт пен келісім жасалған. Барлық саладағы екіжақты ынтымақтастық тетіктері жұмыс істеп тұр. Жоғары деңгейдегі саяси диалог қарқынды дамып келеді. Біз көпжақты құрылымдар аясында, сондай-ақ өңірлік тұрақтылық пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында ықпалдаса әрекет етеміз.

Былтыр Владимир Путин Қазақстанға ресми сапармен келді. Бұл екіжақты қаты-

насты жандандыра түскен негізгі оқиғалардың бірі болғаны анық. Біз келіссөз барысында мемлекеттеріміздің стратегиялық серіктестігі мен қарым-қатынасы шынайы достық сипатынан айнымайтынын тағы да нақтыладық.

Ресей – Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық серіктесі. Екі елдің тауар айналымы 2023 жылдың бастапқы 10 айында 21,4 миллиард доллар болды. Өйтетін жөні де бар, біздің шекарамыз құрлықтағы ең ұзын шекара саналады.

Ғылым-білім және мәдени-гуманитарлық саладағы қарым-қатынасты нығайтуға әрдайым айрықша мән беріледі. Биыл орыстың ұлы ақыны Александр Пушкиннің туғанына 225 жыл толады. Бұл – Ресей ғана емес, Қазақстан үшін де маңызды оқиға. Өйткені, Пушкин – хакім Абай сияқты, қос халықтың достығы мен мәдени байланыстарының басты символының бірі.

Ресей Федерациясының әлемдік саясатта аса маңызды рөл атқаратынын және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі екенін ұмытпаған жөн. Ресей Президенті Владимир Путин – сөзімен де, ісімен де жаһандық ахуалға ықпал ететін тұлға. Ресейдің ұстанымымен бүкіл әлем санасатыны жасырын емес. Бұл мемлекеттің қатысуынсыз дүние жүзінде бірде-бір проблема шешілмейді. Ол айдан анық.

Сондықтан Ресей секілді алпауыт елдегі президент сайлауының халықаралық мән-маңызы қашанда жоғары және оған әлемнің көптеген елі назар аударады.

– Еліміздің сыртқы саясатында Қытаймен қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары Қазақстан қоғамының шығыстағы көріше деген көзқарасы жақсара бастағаны байқалады. Болашақта ҚХР-мен ынтымақтастық қалай өрбиді?

– Бүгінде Қазақстан мен Қытайдың қарым-қатынасы достық, тату көршілік және мәңгілік стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып келеді. Біз Төраға Си Цзиньпинмен бірге Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың жаңа «алтын отыз жылдығына» қадам бастық. Мен былтыр Қытайға бір емес, екі мәрте сапармен бардым. Бұл – елдеріміз арасындағы тығыз ықпалдастықтың айқын дәлелі.

Қытай көшбасшысымен Сианьда және Бейжіңде мазмұнды келіссөздер жүргізіп, маңызды уағдаластықтарға қол жеткіздік. Оны жүзеге асырудың нақты жолдарын белгіледік. Осындай жеке жүздесулер Астана мен Бейжіңнің байланыстары жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Бүгінде қазақ-қытай қатынастары көпке үлгі болып отыр деп сеніммен айта аламын.

Екі елдің өзара тауар айналымы жыл санап артып келеді. Оның көлемі 2023 жылдың 10 айдағы қорытындысы бойынша 24,3 миллиард долларға жетті. Бұл – жаңа рекорд! Қазір экспортқа шығарылатын отандық тауар түрлерін көбейтіп, ҚХР-ға жүк тасымалын арттыру үшін белсене жұмыс істеп жатырмыз. Қытай бұрыннан Қазақстан экономикасына мол қаржы құйған ірі инвесторлардың қатарына кіреді. Осы уақытқа дейін ҚХР елімізге 24 миллиард доллар инвестиция салды.

Қытаймен ортақ шекарамыздың болуы, Шығыс пен Батыстың арасындағы ұтымды жерде тұрғанымыз қытай тауарларын түрлі бағытқа Қазақстан аумағы арқылы тасымалдауға зор мүмкіндік береді. Өйткені, Бейжіңде жоғары деңгейде өткен «Бір белдеу, бір жол» атты үшінші форум аясында бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Соның ішінен Транскаспий халықаралық көлік дәлізін бірлесе дамыту жөніндегі келісімді және «Аяғөз – Тачэн» бағытындағы теміржол құрылысы туралы меморандумды атап өтуге болады. Бұл келісімдер еліміздің көлік-логистика саласына тың серпін беретініне сенімдімін. Қазақстан Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын толығымен қолдайды. Былтыр қазан айында Бейжіңде өткен форумда сөйлеген сөзім – осының тағы бір дәлелі.

(Соңғы 6-бетте).



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«БІЗ ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ТЕК ҚАНА АЛҒА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК!»

(Соңы. Басы 1,2,3,4,5-беттерде)

Қазақстан мен Қытай арасында визасыз жүру режимі күшіне енді. Мұның мәні зор. Енді отандастарымыз көрші елге емін-еркін барып, келе алады. Азаматтарымыз осы мүмкіндікті оңтайлы пайдаланады деп үміттенемін.

Елімізде Қытайға қатысты баяғы қасаң түсініктерге негізделген немесе бізге сырттан таңылған жөнсіз үрей болмауға тиіс. Қазіргі Қытай – өте жоғары дамыған, соның ішінде озық технология саласында зор табысқа жеткен мемлекет. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Сондықтан шығыстағы көршімізбен ынтымақта болу, достық қарым-қатынас пен өзара сенімнің артықшылықтарын тиімді пайдалану Қазақстан үшін аса маңызды.

– *Сіз жақында өткен «Парыз» және «Алтын сапа» сыйлықтарының лауреаттарын марапаттау рәсімінде отандастарымызды тек қана алға қарап, алысты көздейтін мақсатқа ұмтылуға шақырдыңыз. Ескілікке тым бой ұрмау, өсіп-өркендеу жолынан айнымау керектігін атап өттіңіз. Осы арқылы нені меңзедіңіз? Қоғам не нәрсеге мән беруі қажет деп ойлайсыз?*

– Күнделікті міндеттерден бөлек, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарға ден қоюдың мәні зор. Біз болмашы нәрселерге баса назар аударып, ұсақ-түйекті талқылауға бүкіл күш-қуатымызды сарп етеміз. Одан да сорақысы, әлдекімдердің жалған сөзіне еріп, арамгер боламыз. Мұндай пайдасыз істерге аландап, ұлттың стратегиялық бағдарынан жаңыламауға тиіспіз.

Баяғыда ұлы халық болғанбыз деп масаттанып немесе бұрынғы өкпе-реніштерді қоздатып, қызылкенірдек болып айтысудың қажеті қанша?! Бұлай ескілікке бой ұруға әсте болмайды. Әлбетте, тарих – біздің жалпыұлттық бірегейлігіміздің маңызды бөлігі. Сондықтан мемлекет дәл қазір бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп отыр. Атап айтсақ, түрлі тақырыптағы кітаптар көптеп шығарылуда. Жаңа ғылыми мекемелер құрылып, бұрынғы институттар жаңғыртылып жатыр. Жақында сталиндік репрессия құрбандарын ақтау жөнінде ауқымды зерттеу жұмысы аяқталды. Бір сөзбен айтқанда, сан ғасырлық тарихымызды зерттеу, тарихи әділдікті қалпына келтіру біздің негізгі міндетіміздің бірі болып қала береді.

Алайда, біздің бұрын кім болғанымыздан қазір кім екеніміз, ең бастысы, болашақта кім болатынымыз әлдеқайда маңызды. Сондықтан қандай қиындықтан өткенімізді бағамдайтын кезде ғана ауызбіршілік танытпай, баянды болашаққа да бірге қадам басыуымыз қажет. Біз өткенді аңсаумен өмір сүрмеуіміз керек. Керісінше, келешегімізді кемел етуге ұмтылып, ұлттың ұлылығын нақты іспен дәлелдеуге тиіспіз. Дүниетанымымызға жат мәдениеттерге көзсіз еліктеуден, жалған патриотизмнен, даңғойлық пен дарақылықтан сақтануымыз керек. Халқымыздың бойындағы кемшіліктерге көз жұма қарамай, одан арылуымыз қажет. Мұның бәрі күн сайын құбылған тұрлаусыз заманда өмір сүріп жатқан Қазақстанның келешегі үшін айрықша маңызды.

Сондықтан ұлтымыз өсіп-өркендесін десек, біз жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз керек. Қоғамда еңбекқорлық пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жаңашылдық салтанат құруға тиіс. Сондай-ақ, өмірге деген байсалды және байыпты көзқарас басым болғаны жөн. Ашығын айтайын, өзін «ұлттың қаламағымыз» деп санайтын кейбір зиялы қауым өкілдері осы миссиясын өз деңгейінде атқарып жүрген жоқ. Олар ұлтқа үлгі-өнеге көрсетудің орнына, ұсақ-түйек әңгімелерді қоздату, әдеттегідей «біздің халық аса данышпан» деп қайталай беруден немесе қара басының қамын күйттеп,

билікке «жағдайымды жасамады» деп өкпе-артудан аса алмай отыр. Осылайша ұлттық идеологияның даму жолында жалғандыққа жол беріледі.

Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды таңдап, тек қана алға қарауымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс. Бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Тағы да қайталаймын, еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз.

– *Тағы бір мәселені айтпай кетуге болмас. Кейінгі кезде қоғамда зорлық-зомбылық пен қатыгездік белең алып барады. Әйелдер мен балалардың әлімжеттік көргені, соққыға жығылғаны туралы ақпарат күн сайын шығады. Осындай қылмыстардың тамырына балта шауып, біржола тосқауыл қою үшін мемлекет тарапынан не істеліп жатыр?*

– Мұндай қылмыстардың алдын алып, жолын кесу үшін менің тапсырмаммен нақты шаралар қабылдануда. Әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстарды тергеумен әйел тергеушілер айналысатын болды. Сондай-ақ, ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен шұғылданатын мамандардың штаты қалпына келтіріліп, олардың құзыреті күшейтілді.

Біз мұнымен шектелген жоқпыз. Былтыр отбасындағы тұрмыстық құқық бұзушылықпен күрес тәсілдерін қайта қарадық. І шілдеден бастап полиция жәбірленушінің шағымын емес, қылмыстың анықталуын негізге алып, қылмыстық істі тіркеуге көшті. Яғни мұндай қылмыстарға қатысты іс қозғау үшін зорлық-зомбылықтан жапа шеккен адамның арызы қажет емес. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік едәуір күшейтілді. Жәбірленуші қайта-қайта қысымға ұшырамауы үшін бұдан былай мұндай іске қатысты тараптарға екінші рет татуласу мүмкіндігі берілмейтін болды.

Сондай-ақ, Мәжілістің бір топ депутаты халыққа Жолдауымның аясында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жаңа әрі тиімді шараларын қарастыратын заң жобасын әзірлеп жатыр.

– *Өткен жылдың қараша айында ер адамның әйелін өлтіруі қоғамда үлкен дүрбелең туғызды. Осы оқиғадан кейін әлеуметтік желіде әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға жазаны қатайту туралы бейресми петиция жарияланып, оған өте көп қол жиналды. Алайда, «Петициялар туралы» заң биыл сәуір айында ғана күшіне енеді. Сондықтан бұл петиция заңсыз деген сөз шықты. Көпшілік «Жабулы қазан жабулы күйінде қалады» деп алаңдап отыр. Тұрасын айтыңызшы, Сіз тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатайтуды қолдайсыз ба?*

– Мен елімізде «заң мен тәртіп» қағидатының орныға түскенін қалаймын. Сондықтан нақты жауап берейін, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатайтуды толық қолдаймын. Сіз айтқан петиция заң талабына сай келсе де, келмесе де, азаматтардың пікірі міндетті түрде ескеріледі. Оған күмән болмасын.

Сонымен қатар, қоғамда озбырлық пен зорлық-зомбылықтың кез келген түріне мүлдем төзбейтін түсінік қалыптаспаса, заңға енгізілген өзгерістерден аса қайыр болмайды. Жұрт зорлық-зомбылық жасағандарға жазаны қатайтуды талап ете тұра, қылмыс әлеміндегі шытырман оқиғаларға таңдай қағып, фильмдердің заңды белден

басатын кейіпкерлерін ғана емес, тіпті шыннайы өмірдегі кәсіп қылмыскерлердің өзін пір тұтып жатады. Бұл жағдай бір-біріне мүлде кереғар және өте оғаш көрінеді. Солай емес пе?! Біз қоғамды ішінен ірітетін, адамгершілікке жат қылықтарды ақтауды көздейтін кез келген әрекетке және құқықтық нигилизмге тұтас ел болып тосқауыл қоюымыз керек.

Біз заңсыздық пен қатыгездікке бір кісідей, батыл қарсы тұруымыз қажет. Сондай-ақ, қоғам нормалар мен ережелердің және жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың аяқасты болуын қатаң айыптап, онымен бірлесе күресуі керек.

– *Өзіңізбен бірге жұмыс істейтін азаматтар Сізді өте талапшыл басшы дейді. Кадр саясатында қандай қағидатқа сүйенесіз? Қол астыңыздағы қызметкерлермен қарым-қатынасыңыз қандай?*

– Мемлекеттік қызметшілер өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқаратын кәсіби маман ғана болмауы керек. Олар әрдайым бастамашыл, нақты ісімен елге пайда әкелетін және өзгерістердің өміршеңдігін халыққа көрсете алатын азамат болуы қажет. Сондай-ақ, олар білімді-білікті ғана емес, сөзі мен ісі үйлесетін, тиянақты, тәртіпті және арлы адам болуы шарт. Қарамағымда қызмет істейтін азаматтардың маған емес, Әділетті Қазақстанды құру идеясына адалдығы әлдеқайда маңызды.

Барлық деңгейдегі шенеуніктер мен басшылар қоғамның тамырын тап баса білуге, азаматтардың мұң-мұқтажын тыңдап-түсінуге, соған сәйкес дер кезінде нәтижелі шаралар қабылдауға және дұрыс шешім шығаруға қабілетті болуы керек. Бұл – ең басты талап. Олар «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидаты берік ұстануға тиіс.

– *Кадр мәселесін одан әрі жалғастырсақ, Реформалардың нәтижесінде көптеген дарынды жас мемлекеттік қызметте өздерінің қарым-қабілетін көрсетеу мүмкіндік алды. Қазір олар Парламентте, мәслихаттарда, министрліктерде және басқа да мекемелерде жұмыс істеп жүр. Сіз жаңа буын өкілдерін ұдайы қолдап келесіз. Алайда, жас басшыларға тәжірибе мен пайым-парасат жетіспейді деген пікір айтылады. Сіз қалай ойлайсыз?*

– Мен қазақ елінің жастарына сенемін. Сондықтан олардың атқарушы және заң шығарушы билік тармақтарында қызмет етуіне жол ашатын кешенді шаралар қабылданды. Президенттік жастар кадр резерві жасақталды. Іріктеудің бірнеше сатысынан өткен кәсіби жас мамандар мемлекеттік қызметте басшылық лауазымдарға тағайындала бастады.

Саяси реформалар аясында партиялардың сайлау тізімін жасақтағанда және депутат мандатын бөлгенде әйелдер, жастар және мүмкіндігі шектеулі жандар үшін квота енгізілді. Соның нәтижесінде көптеген отаншыл жас Мәжіліс және мәслихат депутаты атанды. Өкілетті билікте жастардың үні жарқын естіле бастады. Осындай нақты қадамдар билік органдарының құрамын жаңартуға тың серпін берді.

Қазір әлем жыл сайын емес, күн сайын өзгеріп жатыр. Жаңа технологиялар, мамандықтар және салалар пайда болуда. Жұмысты ұйымдастырудың және басқарудың әдіс-тәсілдері қайта қаралуда. Осындай жағдайда жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге және озық білімін тиімді пайдалануға қабілетті жастардың рөлі арта түседі. Ойы ұшқыр жастарымыз болашақты бағамдай алады әрі дәйекті дамуға ұмтылады. Сондықтан оларға парасат-пайым жетіспейді деген пікірмен келісе алмаймын. Бірақ билік құрылымдарына аға буынның тәжірибесі де, жас ұрпақтың жаңа идеялары да керек. Бұл жерде эксперимент жасаудың қажеті жоқ. Кейбір сарапшысымақтар «Президент Тоқаев жүйені тұралатып тастады, ешқан-

дай өзгеріс болған жоқ, ескі кадрлар орнында қалды» деген сыңаржақ пікірін тықпалаудан танбай жүр. Мұның астарында қоғамның шырқын бұзып, мемлекеттілігіміздің іргесін шайқайтын пасық ниет жатыр. Асығыстықтың салдары ауыр болуы мүмкін.

Жас басшыларға көбіне тәжірибе жетіспейді. Менмендігі және өзіне деген сыни көзқарастың әлсіздігі кейде олардың өз қарым-қабілетін жоғары деңгейде көрсетуіне кедергі келтіреді. Соған қарамастан, біз жаңа буыннан шыққан кәсіби мамандарға мүмкіндік беріп келеміз. Бұл саясат алдағы уақытта да жалғасын табады.

– *Тұңғыш Президенттің мемуары қоғамда қызу талқыланды. Сіз де ол кітапты оқыған шығарсыз. Көптеген шешім мен оқиғаға тікелей куә болған адам ретінде қандай әсер алдыңыз? Өзіңіздің мемуар жазатын ойыңыз бар ма?*

– Бұл кітап тәуелсіз мемлекет құру ісінің жылнамасы ретінде оқырман қызығушылығын туғызады деп ойлаймын. Кезінде бір айтқыш «Мемуарда шындықтың жартысы айтылса да, ол тарихи оқиғалардың ауқымын бағамдауға жеткілікті» деген екен.

Нұрсұлтан Назарбаев – бірнеше дәуірге куә болған тарихи тұлға. Ол өз мансабын комсомол белсендісі ретінде Хрущев заманында бастап, арада алпыс жылдан астам уақыт өткеннен кейін қызметтен кетті. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуына қосқан үлесін бәрі біледі. Ол – әділ тарихи бағасын алуға лайық адам.

Мен мемуарларды, публицистикалық шығармаларды, саяси очерктерді әрдайым ыждағатпен оқимын. Ал сұраққа келсек, мен үшін қазіргі кезең мемуар жазып отыратын уақыт емес.

– *Жұрттың айтуынша, Сіз кезінде өңір басшыларына Өзіңізді ұшақтан гүлмен қарсы алуға, аста-төк дастархан жасауға, думандатып концерт, шоу өткізуге тыйым салыпсыз. Сол рас па?*

– Президент ретінде алғаш рет ел аралауға шыққанымда, әкімдер салтанатты шаралар ұйымдастыруға, көл-көсір дастархан жасауға, билбордтар орнатуға тырысты. Қазір мұның бәрі тыйылды. Мен облыстарға жұмыс бабымен ғана барамын. Уақыт өте келе жергілікті жерлерде де осындай жұмыс дағдысы қалыптасатынына сенімдімін. Халықты жинап, қыруар қаржы шығындап, салтанатты шаралар ұйымдастыру біржола тоқтатылады.

– *Қасым-Жомарт Кемелұлы, мазмұнды сұхбат бергеніңіз үшін рахмет айтамыз. Жаңа жылда айтулы оқиғалар көп болады деп сенеміз. Сұхбатымыздың соңында тағы бір сұрақ қояйын. 2024 жылды қалай қарсы алдыңыз?*

– Жаңа жыл – әрине, күнтізбенің жаңа парағын ашатын маңызды меже. Осы сәтте өткен жылды қорытындылап, келешекке жоспар құру әдетке айналған. Бір жағынан, Жаңа жыл мен үшін кастерлі мереке емес. Оның үстіне, өзіміздің төл жаңа жылымыз – Өз-Наурызды естен шығармаған жөн. Бұл мейрам – тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы.

Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін.

Сөз соңында барша халқымызға бақ-береке тілеймін! Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Кастерлі Қазақстанымыз өсіп-өркендей берсін!

Әңгімелескен
Дихан ҚАЗАБЕКҰЛЫ.
(Дереккөз: «Egemen Qazaqstan»,
2024 жылғы 3 қаңтар).



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Мемлекеттік саясат:

ЖАҢА ЖОБАЛАР

Халықты әлеуметтік қолдауда маңызды өзгерістер бар

Балалар Ұлттық қордан өз үлесін ала бастайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 16 қарашада «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға ақшалай қаражат есептеу, оларды төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойды. Аталмыш заңнама аясында 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызы балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударылады.

Сонымен, балалар 18 жасқа толғанға дейін олардың арнайы жинақ шоттарына ақша аударуды көздейтін «Балаларға арналған ұлттық қор» жобасы қолданысқа енетін сәт те келді. Кәмелетке толмаған әрбір қазақстандық бала Ұлттық қордан өз үлесін алуға құқылы. Статистика комитетінің мәліметінше, бүгінде елімізде 18 жасқа дейінгі 6 млн 700 мың бала бар.

Заңнама аясында ұлттық қордың инвестициялық табысының 50 пайызы аударылатын арнайы шот балаларға автоматты түрде ашылады. Жиналған қаражатты мерзімінен бұрын шешіп алуға тыйым салынады. Егер 18 жасқа толмаған бала Қазақстан азаматтығын ауыстыратын жағдайда Ұлттық қордан ақша төленбейді. Егер де бала шетелде өмір сүрсе, бірақ Қазақстан азаматтығын өзгертпесе, оның шотына кәмелет жасқа толғанға дейін қаражат аударыла береді.

Сарапшылар пікірінше, 2024 жылы дүниеге келген әрбір сәбидің шотында 18 жыл ішінде 3500 доллар жиналады. Алайда, бұл сома Ұлттық қордың инвестициялық табыстылығына байланысты өзгеруі ықтимал. Ал бағдарламаға 17 жастан бастап қосылған баланың шотына бір жыл ішінде 100–150 доллар түседі. Ұлттық қор қаражатына салық салынбайды. 18 жасқа толған қазақстандықтар Ұлттық қордың табысынан жиналған қаражатты тек екі мақсатта пайдалана алады. Біріншісі – баспана сатып алу немесе тұрғын үй жағдайын жақсарту. Бұл ретте тұрғын үйді тек Қазақстан аумағында ғана сатып алуға рұқсат етіледі. Екіншісі – білім алу. Отандық жоғары оқу орындарымен қатар шетелдік университеттерде де оқуға мүмкіндік бар. Заңда қаражатты басқа жекелеген мақсаттарға жұмсау мүмкіндігі қарастырылмаған. Жыл сайынғы аударымдарды есептеу үшін Ұлттық қордың соңғы 18 жылдағы орташа инвестициялық кірісі есепке алынады. Инвестициялық табыстың 50 пайызы кәмелетке толмаған балалар арасында теңдей бөлінеді.

Бала 18 жасқа толғанға дейін жинақталған қаражат Ұлттық қорда сақталады және оны Ұлттық банк түрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Одан түскен инвестициялық табыс та балалардың шотына қосымша түсіп тұрады. Әр жылдың 20 қаңтарына дейін бағдарламаға қатысатындардың соңғы тізімі жасалып, 31 қаңтарға дейін шотқа ақша аударылады. Балалардың арнайы жинақтаушы шоттарының операторы – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры.

Ең негізгі бағыттың бірегейі

«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауында халықты әлеуметтік қолдау мемлекеттік саясаттың ең негізгі бағыттарының бірегейі ретінде көрсетілген. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, халықты әлеуметтік қолдау тетіктері халықтың күнкөріс минимумына немесе АЕК-ке байланысты мемлекеттік әлеуметтік төлемдердің барлық түрлері 2024 жылы инфляция деңгейіне негізделіп, 7%-ға өсетін болады. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның

2023 жыл еліміз үшін маңызды өзгерістер мен күтпеген жәйттерге толы жыл болды. Тәуелсіздік тарихында, ел халқы алғаш рет 20 миллиондық межені бағындырды. Үкімет құрамы қайта жасақталып, жаңа министрліктер құрылды. Ал жаңа жылдан бастап елімізде жаңа заңнамалар күшіне еңбек. Әлеуметтік салада маңызды өзгерістер бар. Қазірдің өзінде Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауында (1 қыркүйек) көрсетілген әлеуметтік, экономикалық бағдарлар аясында біршама өзгерістер мен реформалар жүзеге асырылуда. Жолдауда тұжырымдалған халықты әлеуметтік қолдау бағдарлары 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне еңбек. Жаңа жыл қарсаңында, келер жылдан бастап мемлекеттік саясаттағы халықты әлеуметтік қолдауға бағытталған жаңа заңнамалар мен өзгерістерге шолу жасамақпыз.



күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналары ай сайынғы бюджеттік субсидиялау бойынша өсетін болады. Аталмыш өсім келесідей төлемдерге қатысты.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар:

- Бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, 1 және 2-дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;
- Мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, асырап алушыға, қорғаншыға (камқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы және мүгедекті күтетін адамға мемлекеттік жәрдемақы.
- Мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;
- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мүгедектік және асыраушысынан айырылу жағдайындағы әлеуметтік төлемдер;
- Жерлеуге арналған біржолғы төлем;
- Бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы;
- Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы.

40 мыңға жуық қазақстандық арнайы төлем алады

Биылғы жыл ортасында орын алған Абай облысындағы орман өрті, қараша айында АрселорМиттал шахтасында болған апат ел үкіметі сабақ алар, бұдан былай қайталанбауы тиіс жағдаяттар. Елімізде еңбек адамының әлеуеті мен ықпалы артуы үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың маңызы өте зор. Келесі жылдан бастап Мемлекет басшысы ел халқына Жолдауында аманаттағандай, еңбек адамының әлеуеті артпақ. 2023 жылғы 21 желтоқсанда, Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Аталмыш заңнама аясында кеншілер мен зиян еңбек жағдайында жұмыс істейтін басқа да жұмысшыларға негізгі жалақыдан бөлек 200 мың теңге көлемінде арнайы төлемдер қарастырылған.

Бұл атаулы көмекті Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұйрығы негізінде бекітілген қауіпті, қиын санатына жататын 2395 кәсіптердің тізіміне енетін маман иелері ала алады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Назгүл Сағындықованың пікірінше, арнайы төлемнің мөлшері төрт қаржы көзінен қалыптасады: республикалық бюджет, одан зиян еңбек жағдайларында жұмыс істейтін, 55 жасқа толған, кемінде 7 жыл еңбек өтілі бар және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген қызметкерлер бұл төлемді ала алады.

Салық кодексі: қаржы аударымдары реттеледі

Қазақстан бүгінде онлайн қаржы аударымдары бойынша әлемде алғашқы орындарда. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында қолма-қол ақшасыз транзакциялардың үлесі 73,5%-ды құрады. Күн сайын

цифрлық банкинг арқылы жалпы сомасы 297,7 млрд теңгеге орта есеппен 21,3 млн транзакция жасалады. Бұл тұрғыда онлайн қаржы аударымдарының жекелеген азаматтар арасындағы айналымынан бөлек, салықтан жалтаратын шағын және орта кәсіп иелерінің жауапкершілігі реттеуді қажет ететін маңызды мәселеге айналып отыр.

Себебі, көлеңкелі экономикамен күрес мемлекеттік экономикалық саясаттың негізі, қоғамдық транспаренттік жүйе құруда өте маңызды сала. Бұл тұрғыда Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына және Валюталық операцияларға мониторинг жүргізу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін қаулы» жобасын дайындап, аталмыш жоба 2024 жылы 1 қаңтарда күшіне енеді.

Атап айтқанда, валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары, республиканың валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтарып, Қазақстаннан ақша алуға бағытталуы мүмкін жеке валюталық операциялардың түрлері мен өлшемдерін айқындайтын жаңа тармақпен толықтырылады. Аталмыш қаулы аясында еліміздегі ақша айналымы құқықтық негізде толықтырылады.

Мемлекет басшысы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Аталған заңнама бойынша жалпы-ұлттық декларациялау аясына тек жалақы, зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақыға күн көретін адамдар декларация тапсырмайды. Кірістер мен мүлік туралы декларация нысанында салық салынатын кірістер ғана көрсетіледі, қалған мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен автоматты түрде толтырылады.

Салық кодексінен сондай-ақ, салық төлеушінің түрлі есеп пен чектерді 5 жыл бойы сақтау міндеті алынып тасталып, бүкіл деректер салық деректері операторда сақталатын болады.

ТҮЙІН

Мемлекеттің саяси институт ретіндегі ролі – халыққа құрылымдық негізде транспарентті жүйе қалыптастыру. Аталған заңнамалар мен толықтырулар елімізде халық пен саяси институттар арасындағы байланысты нығайта бермек.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

МУЗЕЙ – КӨНЕНІҢ КӨЗІ,



Алматы қаласында сегіз музей бар. Атап айтсақ, Алматы музейі, Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі, Д.А.Қонаев музейі, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсірепов атындағы әдеби-мемориалдық музей кешені, Н.Тілендиев мемориалдық музейі, Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы, А.Байтұрсынұлының музей-үйі, Райымбек батыр музей кешені. Ал олардың басын біріктіріп, жұмыстарын үйлестіріп отырған ұжым – Алматы қаласы Музейлер бірлестігі. Сегіз музейдегі жәдігерлерді қосқанда, барлығы 65 689 экспонат бар.

Иә, музей де руханият, мәдениет ошағы. Сондықтан аталған музейлердің ұрпаққа берері көп. Былтыр олардың не тындырғанын, қандай тың жаңалықтар әкелгенін білмекке Алматы қаласы Музейлер бірлестігінің директоры Ләззат САҒЫНДЫҚОВАМЕН сұхбаттасқан болатынбыз.

БАРДЫҢ БАҒАСЫН БІЛУ КЕРЕК

– Ләззат Құдайбергенқызы, біз ақпараттар айдынында жүрген соң байқаймыз, кейінгі жылдары мегаполис музейлерінің тамырына қан жүгіріп, жұмыстары әдеттегіден де қызық түскен секілді көрінеді. Жалпы, музейге келушілер жағы қалай, олардың арасына талдау, зерттеу жүргізіп отырсыздар ма?

– Иә, әрине, талдау, зерттеу жүргізіп отырамыз. Менің осы қызметке келгеніме бір жылдан енді асты. Келе салып бірінші қолға алған жұмысым – музейлер құрылғаннан бері оларға келушілер (ақылы, ақысыз болсын) саны қанша, ондағы балалар мен ересектердің үлес салмағы қандай, қай санаттың өкілдері көбірек келеді, сол жағына талдау жасау. Сонда байқағанымыз, ең жоғары көрсеткіш 2019 жылы, яғни пандемияға дейін болған екен. Содан алдымен билет сатып алушылар көрсеткішін саралап көрдік. Мәселен, ақысыз өтетін іс-шараларға жиырма адам қатысса, қағазға отыз адам қатысты деп жаза салуы мүмкін ғой. Ал ақылы түрде өтетін іс-шараларға қанша билеттің сатылғаны кассадан да, бухгалтериядан да көрініп тұрады, «көп адам келді» дегізу үшін жалған ақпар бере алмайсыз.

Сонда белгілі болғаны, 2019 жылы біздің бірлестікке қарасты музейлерге 44780 адам келген екен. Бұл – билетпен келгендер саны. Біз алдыңғы жылы осы көрсеткішті екі есе көбейттік. Ал бытыр музейге қызығатындар саны үш есеге өсті. Мұндай жетістік Алматы музейлерінің тарихында бұрын-соңды болмағанын атап кетсем артық болмас. Музей – көненің көзі, тарихтың өзі. Сондықтан оның қадірін білетін, бағалайтын алматылықтардың көбейіп келе жатқанына қуаныштымын.

– Шыны керек, қазір сананы руханияттан гөрі тұрмыстың көбірек билеп тұрғаны жасырын емес. Дегенмен, осыншалық аз уақыт ішінде үлкен жетістікке қол жеткізіпсіздер. Қалай?

– Біз «келушіні қалай табамыз» дейтіндей тоқсандай ғана түтіні бар шалғай ауылда немесе ауданда тұрған музейлер емеспіз, бұрын астана болған білдей шаһардың төрінде отырмыз. Ал әсем Алматыда қаншама жоғары оқу орны, қаншама колледж, мектеп бар?! Бүгінде ел экономикасының драйверіне айналған мегаполиске шеттен де, өзімізден де туристер де көп келеді. Қалада ірі туристік агенттіктер де көптеп шоғырланған. Сондықтан біз Алматының потенциалын дұрыс пайдалана білуіміз керек деп шештік. Яғни бардың

бағасын білу қажет. Қаланың Білім, Туризм және Жастар саясаты басқармаларының басшыларына жеке-жеке кірдім. ЖОО басшыларымен кездесулер ұйымдастырдық. Туризм басқармасы Алматыдағы ең ірі деген он бес турагенттікті таңдап берді. Мәдениет, руханият тақырыптарын қаузытын телеарналармен, бағдарламалармен байланыс орнаттық. Өзіміздің Халықаралық Алматы әуежайы басшылығына да кіріп, келісімге отырдық. Осы аталған мекемелермен бірігіп, әрқайсысымен ынтымақтастық меморандумына қол қойдық. Сөйтіп, оқушыларды, студенттерді, туристерді де біздің қалалық музейлердің танымалдылығын арттыру ісіне жұмылдырдық. Былтыр жыл соңына таман түрлі-түсті фотоальбомдар, қалтаға салып жүруге қолайлы буклеттер, каталогтар шығардық. Келушілер санының артуына, олардың қызығушылығын оятуға осындай қадамдар да оң әсер етті деп ойлаймын.

«ҚҰЛАСАҢ, НАРДАН ҚҰЛА»

– Кейінгі кездері Алматы музейі ірі халықаралық көрмелерден бой көрсетіп жүр. Әлде, бұл бұрыннан бар дәстүр ме?

– Дұрыс байқапсыз, иә, біз 2022 жылдан бастап халықаралық көрмелер ұйымдастырып жатырмыз. Жалпы, Алматы музейі халықаралық деңгейдегі шетелдік көрмеге 2014 жылы қатысқан екен, оның өзінде де «Алматы қаласының мәдениет күндері» шеңберінде, атаулы күннің бір бөлшегі ретінде ғана. 2022 жылдың өзінде екі халықаралық көрмеге қатыстық. Сол жылы Алматы қаласы Музейлер бірлестігі мен Сеул қаласының (Оңтүстік Корея астанасы) тарихи музейі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылған болатын. Бұл – статусы жағынан Сеулдің ұлттық музейінен кейін тұрған екінші музей. Сол жылдың желтоқсан айында Алматы қаласы әкімдігінің, оның ішінде қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен Алматы музейінің «Ұлы дала жауһары» атты алғашқы көрмесін ұсындық. Сеул БАҚ-ында екі айға созылған

көрмеміз туралы 44 мақала жарық көрген екен. Ал келушілер саны 77 мыңға жеткен. Иә, өзімізді өзгеге таныту миссиямыздың бір бөлшегі орындалғандай әсерлендік.

Көрме кезінде Сеул музейінің басшылығы Алматыда корей көрмесін ұйымдастыру туралы ұсыныс білдірген болатын. Енді олар биыл бізге келетін болды, келіссөздер жұмысын былтырғы желтоқсанда пысықтап та қойдық. Бұл да халықаралық байланысымызды нығайтуға үлес қосары сөзсіз.

Былтырғы қарашада Италияның Неаполь қаласындағы ең танымал Castel Nuovo қамалында, Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Елшілігімен бірлесіп ұйымдастырылған Алматы қаласының тарихи музейінің «Қазақстан көшпенділері: тарихы мен бүгінгі» атты көрмеміз де абыроймен өтті. Castel Nuovo – XIII ғасырдан бері тұрған, құндылығын жоймай бүгінге жеткен, туристер көруге ынтық, ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұра» тізіміне енген қамал екен. Сөйтіп, «Құласаң, нардан құла» демекші, Алматы қаласы әкімдігі мен Қазақстанның Австрия Республикасындағы Елшілігінің қолдауымен дәл осы жерде көрме өткізуге қол жеткіздік.

Италияға барған сапарымызда сол жақтан бауырсақ пісіріп беретін дәмхана тауып, қамыр илеп, нан ашыттық. Құрт-ірімшік, қымыз секілді ұлттық дәммізді, Алматының қызыл алмасы мен «Қазақстан» шоколадын осы жақтан өзімізбен ала бардық. «Құлшелі бала сүйкімді» демекші, біздің көрмеміз осылай жақсы өтті. Бұл көрмеміздің ашылуына үш жүзден аса адам келді. Көрменің бір қанатына турблук ретінде Қазақстан картасын қойдық. Онда халқы қанша, жер көлемі жағынан әлемде нешінші орын алады, оның ішінде Алматы қай тұста тұр, соның бәрін келушілер инфографика арқылы таныса алатындай етіп жасадық. Қазақ жерінің кешегісі мен бүгінгі зайырлы келбетін, табиғатын фотосуреттер арқылы көрсеттік. Кейін жергілікті сала мамандары біздің көрме



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ЕШКІМ БІЛМЕЙТІН ЕРТЕГІ»

Өтетін орны:
«Керемет» отбасылық театр орталығы.
Күні мен уақыты:
6 қаңтар, сағат 11.00.



«ҚАРА ШЕКПЕН»

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты:
6 қаңтар, сағат 18.30.



«АЯЗ АТАНЫҢ ҒАЖАЙЫБЫ»

Өтетін орны:
Тотальды театр.
Күні мен уақыты:
6-7 қаңтар, сағат 12.30.





ТАРИХТЫҢ ӨЗІ

туралы өздерінің БАҚ беттерінде жарияланған ақпараттарды, материалдарды жібергенде, арасынан біздің елдің табиғатын Швейцариямен теңестіргені туралы мәліметтерді де оқып қуандық.

Италиядағы көрмеіміздің ашылу салтанатына «TURKSOY» халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев та қатысты. Олар да біз туралы өз сайтында, әлеуметтік желілердегі парақшаларында ақпараттар таратты. Ал «TURKSOY»-ды бүкіл Орталық Азия оқитынын ескерсек, біздің ел туралы, Алматы жайында талай мемлекет құлақтанды деп ойлаймын. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Көрмеіміз бітіп, жиналып, артынып-тартынып әуежайға келсек, сондағы бір итальян инспектордың сонша жолаушының арасынан бізді танып, Қазақстанның көрмесі өтіп жатыр деген ақпаратты жергілікті телеарналардан көргенін айтып, «алдымдағы демалысымда міндетті түрде отбасыммен барып тамашалаймын деп отырмын» дегенде, көңіліміз көкке бір елі жетпей қалған шығар. Адал еңбектің, ұйқысыз түндердің, шаршаған күндердің өтеуі осы екен ғой дедік. Әйтпесе, жүзден астам жәдігерді мұхиттың арғы бетіне, ит арқасы қиянға жеткізу, орналасыру, оларды бүлдіріп алмай қайта алып қайту оңай шаруа емес. Италия жерінде экспонаттарымыз бір ай тұрды.

Одан соң «Қазақстан көшпенділері. Салты мен дәстүрлері» деген көрмеімізді Австрия төріне апарып қойдық. Вена қаласындағы туристер ең көп баратын Хофбург сарай-кешенінің өзінде төрт музей бар екен. Ат шаптырып, бөйге өткізуге болатын сарай толмай қалса, ашылуға адам аз келсе қалай болады деп уайымдағанымыз да жасырын емес. Сенесіз бе, келушілер сыртта кезек күтіп тұрды. Біз қатты толқандық. Еуропаның мәдениетті құрметтеуі, руханиятты қадірлеуі ерекше ғой жалпы. Көрмеге Алматы қаласы Музейлер бірлестігі қорынан 100-ден астам экспонат қойылды. Көрме қазақ халқының тұрмысын, салт-дәстүрін, қолданбалы өнерін баяндайтын этнографиялық жәдігерлер, музыкалық аспаптар мен Алматы қаласының тарихы мен қазіргі өмірін көрсететін фотосуреттерге негізделіп ұйымдастырылды. Мұнда да ұлттық дәмімізді ұсынып, ұлттық киімдеріміздің бар тамашасын көрсеттік. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енген алты канат киіз үйімізді тігіп, ұлттық әуенімізді, қоңыр домбырамыздың үнін, күмбірлеген күйімізді тыңдатып қайттық. Баланың тұсауын кестік. Оған қоса, сәбиді бесікке бөлеу, қыз ұзату дәстүрлерін, асық ату ойынын да көрсеттік. Әйтпесе, жалпы кез келген көрменің форматы ашылуы, жәдігерлерді аралап көру, сосын фуршет болып келеді ғой. Ал біз көрмеге еліміздің материалдық емес мәдени мұраларын пайдалана отырып, басқаша форматта өткізіп, өзіміздің кім екенімізді көрсетіп, мәдени іс-шараға ұлттық реңк бердік деп ойлаймын.

ЫҚЫЛАС АСПАПТАРЫН ФРАНЦИЯҒА АПАРАМЫЗ

– Мұның бәрі Алматының халықаралық байланыстарды нығайта түскенін көрсетсе керек. Былтыр Мәдениет басқармасы тың бастама көтеріп, музей, кітапхана, театр, зообақ және архив

қызметкерлерін АҚШ, Франция, Германия, Англия, Жапония, Корея сынды озық елдердегі әлемнің ең үздік мәдени мекемелеріне кәсіби біліктілікті арттыру курстарына жібергенін білеміз. Әріптестеріңіз қандай олжамен келді?

– Халықаралық байланыс демекші, былтырдың өзінде біз 15 мемлекетпен ынтымақтастық орнаттық. Оның ішінде ЮНЕСКО-ның Орталық Азияны зерттеу институты, Францияның ұлттық музейлер бірлестігі бар. Былтыр «TURKSOY» өзінің 30 жылдығы шеңберінде Шуша (Әзербайжан Республикасы) қаласында Орталық Азия құрамындағы мемлекеттердің музей басшыларын қосып, алқалы жиын өткізді. Сонда өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойып келдік. Оның ішінде біз де, яғни Алматы қаласы Музейлер бірлестігі мен CMN меморандумына қол жеткіздік. Соның нәтижесінде былтыр Алматы қаласы әкімдігінің, оның ішінде қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен біздің бірлестіктің 10 қызметкері Париж қаласында, Францияның Ұлттық ескерткіштер орталығында (CMN) біліктіліктің мен білімін шыңдап келді. Бұл Алматы музейлерінің тарихында тұңғыш рет болып отырған жағдай. Олар музей менеджменті, музейдегі ғылыми жұмыс негіздері, ескерткіштер маманы, реставратор, қор жұмысы, экскурсовод, экспозиционер, дизайнер, маркетинг, қолданбалы мамандықтары бойынша ең озық жаңалықтар мен технологиялар туралы білім алды.

Францияның әйгілі Лувры – жаһанға ең танымал, келушілер саны бойынша әлемде бірінші орында тұрған музей. Франциядағы бүкіл музейді басқарып, ұйыстырып отырған да осы Лувр екен. Міне, біздің әріптестердің осындай өркениеті дамыған орталықта болып қайтқанының өзі үлкен жетістік дер едім. Жақында, жыл соңына қарай сол 10 қызметкерімізді тыңдап, олар бізге қандай тың жаңалықтар енгізуге болатынын зерделеп, саралап, не түйгендерін ортаға салды. Биыл қаладағы музейлердің жұмысын жаңа деңгейге көтермекке ниеттеніп отырмыз. Жоспар көп. Бізден үлкен өзгерістер күтініздер дегім келеді.

Айтпақшы, осы жылға енді өзімізге шақырту түсіп отыр. Дәлірек айтсақ, БҰҰ-дан, Италиядан, Францияның музыкалық аспаптары музейінен. Бұйыртыса, Францияға өзіміздің Ықылас музейінің коллекциясын алып барамыз деп отырмыз. Әлемнің біздің жәдігерлерімізге де, оның ішінде Алматының құндылықтарына назар аударып отырғанына бек қуаныштымыз. Іргеміздегі көршіміз – Өзбекстанның Самарқанды қаласына да ұсынуға ықыласты. Ал Самарқанның да ең ежелгі, танымал туристік орын екенін ескерсек, еліміздің даңқын, Алматының атын асыруға тағы бір мүмкіндік туып тұр деуге болады.

САҚ ҚОРҒАНДАРЫНЫҢ СЫРЫ КӨП

– Алматы жәдігерлері туралы айтқанда, мындағы жылдық тарихтан сыр шертетін, Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандарының тізіміне енген «Боралдай сақ қорғандары» тілге тиек етпей кетсек жарамас. Ол жөнінде нендей соны жаңалықтар айтар едіңіз?



– Иә, біздегі «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені – 430 гектар аумақты алып жатқан ерекше нысан. Онда ерте темір дәуірі кезеңінің 47 үлкен сақ және 200-ден астам үйсін қорғандары орналасқан. Бізде әлі де зерттелетін, тарихымызды түгендеу үшін қолға алатын дүние өте көп. Шетелдерге барып жүрген жұмыс сапарларымыз Паскаль деген белгілі француз археологпен танысқаным бар. Қолында жерді қазып, қопарып жатпай-ақ, жиырма метрге дейін сканерлеп, жеті қабат жер астында не жатқанын көрсетіп беретін заманауи құрылғы бар екен. Ал біздің отандық мамандардың қолындағы аппарат бат-жоғы екі метрге ғана жетеді. «Боралдай сақ қорғандарындағы» қорымдардың уақыт өте келе, жер қабаттарының көтерілуіне байланысты жермен-жексен болып кеткенін ескерсек, біздегі бар құрылғының оны түбегейлі зерттеп беруге қауқарсыз екені белгілі. Паскальды мен Алматыға шақырып, археологиялық кешенімізбен таныстырдым да. Қолындағы құрылғысы 430 гектар аумақта не жатқанын түгел көрсетіп бере алатын көрінеді. Енді алдағы уақытта осы жұмысты қолға алсақ па дейміз. Заманауи құрылғыға қол жеткізсек, бәлкім біз күтпеген ғажап жаңалықтар ашылып, мүмкін ежелгі бір үлкен шаһардың үстінен түсіп қалармыз деп ойлаймын.

Біздегі тағы бір ауыз толтырып айтар жаңалық – біздің мамандар ғылыми жұмыстарға да қомақты үлес қоса бастады. 2022 жылы Мәдениет басқармасы ұйымдастырған байқауға қатысып, Мәдениет министрлігінің археологиялық қазба жұмыстарын жасауға болады деген лицензиясын жеңіп алдық. Сөйтіп, өзіміздің археологиялық ескерткіштерге қазба жұмыстарын жүргізгенде, сақ жауынгерлері жерленген, бүлінбеген орындарды, алтын сынықтарын таптық. Жалпы, алып Алматыда құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатқанын, небір биік нысандар бой көтеріп жатқанын білесіздер. Кез келген жер қазыла бастағанда оның асты, қойнауы міндетті түрде тексеріледі, зерттеу жүргізіледі. Бірақ бұған дейін мұндай қазба байлық, нақтырақ айтсам, екі алтын тақтасы 2014 жылы ғана табылған екен. Одан кейінгі құнды жәдігерлерді табу біздің музей қызметкерлерінің еншісіне бұйырыпты. Қазір оны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қырым Алтынбе-

ковтің ғылыми-реставрациялық зертханасының мамандары зерттеп, қалпына келтіріп жатыр. Таяуда музей төріне қоямыз деп отырмыз.

Былтыр Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов атындағы әдеби-мемориалдық музей кешенінің қызметкерлері «Ғабит Мүсірепов» атты энциклопедия дайындады. Бұл да ғылыми жұмысымыздың бір тармағы десем болады. Биыл басылып, қолымызға тиеді деп отырмыз. Негізі, мұндай танымдық іргелі еңбекті әдетте ғылыми институттар шығарады ғой. Сондықтан бұл энциклопедия білікті музей мамандарының сөзсіз үлкен жетістігі.

Алға қойған жоспарымыз көп. Келешекте Алматыда Райымбек батыр мемориалдық кешені, «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені жанынан Сақ мәдениеті орталығы, «OBSERVATORIUM», Балалар музейі, «Алаш» музейі болады. Аттары қандай! Талай дүниеден хабар беріп тұр. Сіз білесіз бе, Оңтүстік Кореяда мектептегі тарих сабағы тарихи музейлерде өткізіледі екен. Керемет, ә?! Сонда оқушы оқулықтағы өзіне түсініксіздеу мәліметтерді тарихи жәдігерлерді көзбен көріп, сезініп барып, бойына сіңіреді деген сөз. Содан кейін ол бала патриот болмай көрсін!

Біз де осындай жетістіктерді енгізіміз келеді. Осы жолда қызмет етуден шаршамақ емеспіз. Бізде өз ісін сүйетін елжанды азаматтар еңбек етеді. Былтыр жалақымыз отыз пайызға өсті. Алдыңғы жылы қалалық мәслихат депутаттарының, қала әкімінің қолдауымен алты жас маман, ал былтыр он жас әріптесіміз мемлекеттік бағдарламаның арқасында баспаналы болды. «Үйің болса, күйің де болады» демекші, бұл да кейінгі жылдары музей тарихында болған тың жаңалық. Мұның бәрі біздің нәтижелі жұмыс істеуімізге сеп болатыны сөзсіз. Сөзімің соңында қадірлі оқырмандарға, музейді сүйетін жандарға Алматыны бірге көркейтеік дегім келеді.



Нұржамал
ӘЛШЕБА,
журналист.

НЕ?

«ӘЙЕЛ, АСПАН ЖӘНЕ ТОЗАҚ»



Өтетін орны:
«Жас сахна»
театры.
Күні мен
уақыты:
7 қаңтар, сағат
18.00.

ҚАЙДА?



«АРШИН МАЛ АЛАН»

Өтетін орны:
Ұйғыр музыкалық
комедия театры.
Күні мен уақыты:
7 қаңтар, сағат 18.30.

ҚАШАН?



ТЕГІН МҰЗ АЙДЫНЫ

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ
ұлттық драма театрының алды.
Күні мен уақыты:
күнде ашық, сағат 10.00. – 23.00.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Берекет КӘРІБАЕВ:

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ

әлі де зерттеуді қажет етеді



Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор, академик Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев есімі республика көлемінде ғана емес, алыс және жақын шетелдерге танымал ғалымдардың бірі.

Ол қазақы ауылдағы қарапайым отбасыдағы он баланың бірі болды. Жастайынан зерек, кітапқұмар болып өскен ұл әкесінің кітапханасынан «Нұржанның бұлағы» деген балаларға арналған кітапты оқып, содан бастап кітапқа деген қызығушылығы ояңған. Кітапқұмар болып өсуінде әкенің ерекше ықпалы болуының бір қыры осы болса керек. Жастайынан тарихшы болуды армандаған алғыр жас 8-сыныпты үздік бітіріп, 1979 жылы Қызылорда қаласындағы политехникумда білімін жалғастырады. Оны тәмамдағаннан кейін, 1983–1985 жылдары Кеңес әскері қатарында болды. Әскери бөлім командирі оған сәттілік тілеп, жоғары оқу орнына конкурстық қабылдану үшін жолдама берді. Жауынгерлік борышын өтеп келген болашақ ғалым әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тарих факультетіне төрт пәннен емтихан тапсырып, 1-курс студенті атанды.

Бір мақсат, бес қағидат

Сол бір студенттік шақта тарих пәнінен кіріспе дәріс өткен Ә.Хасеновке «Ағай, сіз дәріс барысында көп айтқан «қазақ» сөзі қандай мағына береді, ол сөз қашан пайда болған? Жалпы, Қазақ хандығы қашан құрылған?» деген бірнеше сұрақ қояды. Сол кезде ұстазы: «Бұл мәселелер әлі күнге дейін тарих ғылымында толық зерттеліп нақтыланбаған, сондықтан болашақта тарихшы, ғалым болатын сендерсіңдер, оны зерттеу сендердің үлестерінде», – деп жауап беріпті. Болашақ ғалым осы сәттен бастап Қазақ хандығының тарихын зерттеуді алдына мақсат етіп қояды.

Жас ғалым 1985–1988 жылдар аралығында өткен студенттік конференцияларда «XI–XIII ғасырлардағы түрік-славян тайпаларының қарым-қатынастары мәселелерінің кеңестік тарихнамада зерттелуі», «Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюі», «Қазақ этнонимі: мәні мен мағынасы» атты тақырыптарда баяндамалар жасап, жүлделі орындар иеленді.

Б.Кәрібаев диплом жұмысын «Ежелгі үйсіндер тарихы» атты тақырыпта сол кездегі ғылыми дәрежесі доцент С.Жолдасбаевтың жетекшілігімен жазып, оны мемлекеттік комиссия алдында «үздік» деген бағаға қорғап шығады. 1990 жылы «тарих және қоғамтану пәндерінің оқытушысы» мамандығы бойынша үздік дипломмен университетті аяқтайды. Болашағынан үміт күткен факультеттің профессор-оқытушылары оны жас маман ретінде Тарих факультетінің Қазақ КСР тарихы кафедрасына ассистент қызметіне қабылдайды. Ол ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор сынды қызметтік сатылардан өтті. 2016 жылдан бүгінгі күнге дейін университеттегі Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

1996 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, профессор Б.Е.Көмековтың ғылыми жетекшілігімен «XV ғ. соңы – XVI ғ. I ширегіндегі Қазақ хандығының Мауереннахр мемлекеттерімен саяси қарым-қатынасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады, ал 1999 жылы доцент атағына ие болады.

Б.Б.Кәрібаев 2000 жылдан бастап университеттегі ғылыми-педагогикалық қызметімен қатар, бірнеше тарихи жобаларға қатысып, тарихи танымдық кітаптар мен алғашқы электронды оқулықтар жазды. Академик Б.Е.Көмековпен бірге «Тарих, тұлға, уақыт» сериясымен қазақ, орыс тілдерінде «Қасым хан», «Мұхаммед Хайдар Дулати» атты кітаптар шығарады. Ал 2010 жылы академиктің ғылыми кеңесшілігімен «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, 2011 жылы профессор атағын алды. Белгілі математик Н.Данаевтың ұйымдастыруымен орта мектептерге арналған тарих пәнінің электронды оқулықтарын дайындайды. 2003–2009 жылдары «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» жобасы аясында қазақ халқының құрамындағы ірі тайпаларға арналған ұжымдық авторлармен бірге 26 кітап жазып, баспадан шығарады.

Ғалым өзінің докторлық диссертациясын жазуда алдына негізгі бес принципті қойды. Бірінші қағидат – қазақ хандығының құрылу тарихы Қазақстанда жазылуы керек, екіншіден, оны Қазақстан азаматы жазу керек, үшіншіден, қазақ тілінде жазылуы керек, төртіншіден, әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің ғылыми Кеңесінде қорғалуы керек, бесіншіден, ұлттық сипаты бар белгілі баспадан кітап болып жарыққа шығару керек деген принциптерді орындады.

«Зерттеушілер болжамдарын ғылыми орта неге қабылдамады?»

Кезінде тарихшылар Қазақ хандығының құрылған мерзіміне қатысты түрлі болжамдар жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан ғалым ағамыз зерттеушілер келтірген болжамдардың әрқайсына жеке-жеке

тоқталып, оларды «неге ғылыми орта қабылдамады?» деген сұраққа жауап іздеді, зерттеді және талдау жасады. Алайда, осы деректердің бәрінің нүктесін қойып, өзінің нұсқасын дәлелдеген ағамыздың ұстазы Клавдия Пищулина болатын. Ол барлық болжамдарды зерттей келе М.Х.Дулати жазып қалдырған деректерді негіз етіп алды. Ал Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде «...Қазақ сұлтандарының билік ете бастауы Ыжраның 870 жылдары басталды» деп жазады. Бұл біздің жыл санауымыз бойынша 1465-1466 жылдарға сәйкес келеді. Міне, «Ұстазы мықтының, ұстанымы мықты» дегендей, ғалым ағамыз ұстазының пікірі және көптеген ізденістің нәтижесінде жинаған деректері бойынша осыны дәлелдеп шықты.

• Академик Берекет Бақытжанұлы жалпы саны 750-ге жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің, оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Оның ішінде 20 жеке монографиялық кітаптың, 40-тан астам авторлық ұжыммен жазылған кітаптардың, 4 тарихи анимациялық фильм сценарийінің авторы.

Берекет Бақытжанұлының жоғарыда көрсетілген көптеген еңбектерінің ішінен сүбелі еңбектер қатарындағы «Қазақ хандығының құрылу тарихы» (2014) және «Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңы – XVI ғ. алғашқы ширектері)» (2015 ж.), монографияларына тоқталып өтсек.

Тағдыры тарих тұлғалар

Ғалымның «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты еңбегінде қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті – Қазақ хандығының құрылу тарихы қарастырылған. Еңбекте ортағасырлық жазба дерек мәліметтеріне, түрік халықтары мен қазақ халқының ауыз әдебиеті материалдарына сүйене отырып, Қазақ хандығының құрылу тарихындағы күрделі мәселелерді жүйелі түрде тереңірек зерттейді. Онда: «...Қазақ хандығының құрылуы бір мезетте, бір оқиғамен жүзеге асқан жоқ, ол оншақты жылға созылған тарихи үдеріс барысында құрылып болады. 1457 жылы Керей мен Жәнібек хандардың Өбілкайыр ханнан бөлініп кетуі хандықтың құрылуы барысындағы алғашқы қадам болса, 1470-1471 жылы қазақ билеушілерінің Шығыс Дешті Қыпшақ аумағынан шибанилық әулет өкілдерінің билігін түпкілікті түрде ығыстырып шығаруы – хандықтың толықтай құрылып болғанын көрсетті. Осы 13-14 жылға созылған уақыт ішінде хандықтың құрылу барысы толығымен жүзеге асып болады. Бұл үдеріс өз ішінде тағы оқиғалардың дамуына қарай кіші сатыларға жіктеледі», деп мәлімет берілген. Еңбекте Қазақ хандығының негізін қалаған тарихи тұлғалар – Керей мен Жәнібек хандардың тарихи рөлін ашып көрсетеді. Сонымен қатар, хандықтың құрылуы қазақ даласындағы ежелгі замандардан бері үздіксіз жүріп келген барлық тарихи үдерістер мен XIV-XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы мен оған көршілес аймақтардағы саяси құрылымдар дамуының заңды қорытындысы болып саналатындығы туралы мәселелер қамтылған.

Отандық тарихтың өзекті мәселелері

Ал «Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңы XVI ғ. алғашқы ширектері)» деген еңбегінде Қазақ хандығының нығаю кезеңіне XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың алғашқы ширегі аралығындағы жарты ғасырлық уақыт жатады. Бұл жылдары Қазақ хандығын Керей ханның ұлы – Бұрындық хан, одан кейін Жәнібек ханның ұлы, атақты Қасым хан басқарады. Осы жылдары Қазақ хандығы Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлер үшін Мауереннахр аумағындағы темірлік, одан кейін оның орнына келген шибанилық әулеттермен ұзаққа созылған күрестер жүргізеді. Қасым ханның билік құрған жылдары ол жеңіспен аяқталатындығы туралы мәселелер қамтылған. Сонымен қатар, еңбекте XV ғасырдың соңғы және XVI ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ қоғамындағы билеуші әулет өкілдері арасындағы саяси қатынастардың дамуы Қасым хан бастаған Жәнібек хан ұлдары билігінің орнығуымен аяқталатындығы туралы мәселелер берілген.

Ғалым ағамыздың зерттеу саласы сан-салалы, оның зерттеу диапазоны ауқымды. Ол XIII ғасырдан – XVIII ғасырлар аралығын қамтитын, Отандық тарихта зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелермен айналысуда. Атап айтсақ, Алтын Орда дәуіріндегі саяси, этникалық және жеке тұлғалар тарихы, XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдар тарихы, Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюі тарихы, XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік тарихы, Қазақ этногенезі мен «қазақ» этнонимінің мәселелері, Қазақ тарихындағы тұлғалар тарихы, Қазақстан аумағындағы мемлекеттік тарихы және т.б.

Берекет Кәрібаев 2020 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі атанды. Көрнекті ғалымның тәуелсіз еліміздің ғылымын көркейтіп, мәртебесін арттыру жолында жасап жатқан игі істері ұшан-теңіз. Ғалым ағамыздың бойындағы қазақ жігіттеріне тән мінезі мен қазақы қасиеттері терең білімімен, ғылыми толысқан тәжірибесімен, азаматтық ұстанымымен ұштасқан. Бүгінгі күнде оның тәрбиелеп, білімге, ғылымға баулып дәріс берген көптеген шәкірттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында қызмет етуде.

Оның бойындағы адалдық, ұқыптылық, адам баласына қиянат жасамау, қарапайымдылық, жинақылық, ұлтжандылық қасиеттері жас мамандар үшін үлгі-өнеге.

Г.КОЗҒАМБАЕВА,
Ж.ҚҰМҒАНБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қазақстан тарихы кафедрасының
т.ғ.к., профессорлары.

ДӘСТҮР



АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АНАЛАР

Ұлттық дәстүрімізді дәріптейді

Жетісу ауданының ақ жаулықты аналары Республикалық «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі мен «Ана тілегі – бала жүрегі» атты қоғамдық қормен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Бұл аналардың барлығы да өз кезегінде еліміздің өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп, терін төксе, әлі де халқына қызмет етіп жатыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Ауданның белсенді аналары қолын қусырып қарап отырмай қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүр. Аз-маз бос уақыттары бола қалса, аудандық іс-шараларға қатысуға тырысады. Қарап қалған кездері жоқ. Сонымен қатар, ұмыт бола бастаған салт-дәстүрмен таныстырып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртып отырады. Бұл ретте «Ана тілегі – бала жүрегі» қоғамдық қорының жетекшісі Гүлжазира Қаныбекова:

– Қазіргі жастарымыздың дәстүрге ден қоя бастағаны қуантады. Біз де осы жастарымызға қолымыздан келгенше білгенімізді үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырсақ дейміз. Кезінде еліміздің көркеюі үшін еңбек еттік. Ұлды рухты, қызды ғұрыпты етіп тәрбиелеу үшін күш-қайратымыздың барында ұлттық өнердің қыры мен сырына баулысақ деймін, – дейді.

Белсенді аналар өздеріне үнемі қолдау білдіріп отыратын Республикалық «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ләйлә Ноғайқызы мен Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Шәкіроваға, аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына дән риза.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

БИЗНЕС ЖӘНЕ БІЛІМ

Колледж мамандарына сұраныс жоғары

Қазіргі таңда колледж мамандарына деген сұраныстың артып келе жатқаны байқалады. Әсіресе, қала өмірінде колледж бітірген мамандарға деген сұраныс жоғары. Арнаулы мамандардың айтуынша, бұл ең алдымен әлеуметтік серіктестермен тығыз байланыстың нәтижесі көрінеді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қаламыздағы Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі әлеуметтік серіктестікті дамыту барысында колледж бен қала, аудан мен облыс арасында әлеуметтік-экономикалық байланысты қамтамасыз етіп отыр.

Кадр тапшылығы – қазіргі бизнестің ең өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан кәсіптік оқыту жұмыс берушілердің сұранысын ескермей, өздігінен жабық жүйе ретінде дами алмайды. Білім беру саласы мен еңбек саласы арасындағы диалог нақты өзара міндеттемелер негізінде құрылуы керек. Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің тәжірибесінде оқу орны мен бизнес арасындағы серіктестік – бұрыннан қалыптасқан дүние. Қазіргі таңда колледж өз түлектеріне өте қолайлы жағдайларды жасап отыр. Бұл, ең алдымен, жұмыс берушілермен арадағы байланыс. Колледжбен тығыз байланыс орнатқан жұмыс берушілер оқу бітірген мамандарға қызығушылық танытып, оларды жұмысқа қабылдауға дайын. Аталмыш колледж студенттері 2-курс, тіпті, 3-курстың өзінде



нақты кәсіпорындарда жұмыс жасай бастайды. Мұның сыры неде? Колледж педагогтары мен басшылықтың жинаған тәжірибесі баршылық.

Қаламыздағы қонақүйлер, туристік фирмалар мен мейрамхана басшыларымен таныс. Өзара олардың даму технологияларының тенденцияларын түсінеді. Сондықтан жылдың басынан бастап, бірнеше жылдан кейін де өндіріске қандай кадрлар, қандай мамандықтар қажет болатынын,

қандай мамандар сұранысқа ие болатынын болжап отырады.

Өзіндік тәжірибесін ортаға салу мақсатында колледж ұжымы ашық диалог алаңы ретінде «Бизнес және білім беру-2023» атты қалалық Форсайт-конференциясын өткізген еді. Бұл іс-шараның мақсаты – Алматы қаласы мен Алматы облысында ішкі туризмді дамыту үшін колледж шеңберінде коллаборативтік орта құру болды. Сондықтан Форсайт-конференцияның жұмысына 40-тан астам өндіріс орындары мен кәсіпкерлер қатысты. Өрбір Форсайт сессия агроөнеркәсіптік кешеннің, Қазақстан тағам кәсіпорындары одағының, Қазақ бау-бақша шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының және AVOCATION біліктілік растау орталығының жетекші мамандарының презентацияларына негізделді. Форсайт-конференция соңында колледж түлегі «Оливка» пиццериясының директоры Виктория Шевелева басқаратын «Жас пицмейкерлер» мектебінің ашылуы болды.

«Бизнес және білім-2023» Форсайт-конференциясының қатысушылары бизнес пен білім мекемелері арасындағы ынтымақтастықтың жаңа қызықты бағыттары мен тенденцияларын табу туралы көптеген мәселелерді ортаға салды. Конференцияға қатысушылар кәсіби бағдар беру аясында мектеп оқушыларын жұмылдыра отырып, ауылшаруашылық экскурсияларын ұйымдастыру арқылы бірлескен жобаларды жүзеге асыру қажет екенін бірауыздан қолдады.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

МЕРЕКЕ КЕЗІНДЕГІ МЕГАПОЛИС

Жаңажылдық мереке күндері полицейлер 500-ден астам құқықбұзушылықты анықтап, жолын кесті

Алматыда жаңажылдық демалыс күндері «102» пультіне 2 мыңнан астам қала тұрғыны қоңырау шалды, ал «жедел жәрдемге» 9 мың шақырту түскен.



Айнабай
МӘДИ

Бүкіл мегаполис демалып, жаңа жыл мерекесін тойлап жатқанда, полиция, құтқарушылар және дәрігерлер қызметтерін тоқтатпады. Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметінің шолуына көз тіктік. Алматы қаласы Полиция департаментінің жедел басқару орталығының мәліметінше, мегаполисте үш күн ішінде 44 қылмыс тіркелген. Олар негізінен тұрмыстық сипаттағы оқиғалар. Ауыр, аса ауыр қылмыс тіркелмеген.

Патрульдік наряд, учаскелік инспекторлар мен жедел қызметкерлердің жедел әрекет етуімен 38 қылмыс ашылды. Сонымен қатар, жаңажылдық мереке күндері полицейлер 500-ден астам құқықбұзушылықты анықтап, жолын кесті.

«Полицияның басты міндеті – қоғамдағы тұрақтылықты, заңдылық пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сонымен бірге, жұртшылықпен сапалы қарым-қатынас орнату, халықтың сеніміне ие болу. Біздің қызметкерлер – қоғам тұрақтылығының қорғаны мен тыныштық сақшысы, бұқараның қауіпсіздік кепілі. Әр қызметкер қылмыспен күресте азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау ісіне сүбелі үлесін қосуда», – деп мәлімдеді Алматы қалалық Полиция департаментінің басшысы, полиция генерал-майоры Арыстанғани Запбаров.

Осы күндері «102» пультіне 2 мыңнан астам телефон қоңырауы келіп түсті, олардың басым бөлігі – анықтама алу сипатындағы ақпарат. Осы мереке күндері Алматы



ның үш мыңнан астам полицейі қалада қызмет өткеруде күшейтілген негізде құқықтық тәртіпті қамтамасыз етті. Демалыс күндері патрульдік наряд саны ұлғайтылып, қызмет өткеру маршруты тығыз орындалды. Ұлттық ұланның 300 әскери қызметкері жаяу патрульдеуге тартылды.

Жалпы алғанда, Алматыда Жаңа жылды қарсы алу салыстырмалы түрде тыныш өтті. Бұны ТЖ департаментіндегілер де атап өтті. Құтқарушылар, полиция қызметкерлері қызмет өткерудің күшейтілген нұсқасына ауыстырылды. Айтқандай, олар осындай режимде 6 қаңтарда да сағат 09.00-ден 8 қаңтарда, сағат 09.00-ге дейін Рождествода қызметін жалғастырады. Алматы ТЖД деректері бойынша мерекелік үш күнде құтқарушылар

31 рет шақыру бойынша оқиға орындарына барды, оның 10-ы өртке байланысты. Қаза тапқандар тіркелген жоқ.

Алматы қаласы ҚДСБ жедел медициналық жәрдем қызметінде жаңажылдық демалыс қорытындысы бойынша жағдайға түсініктеме берді. Хабарланғандай, 9 мыңға жуық адам Алматы қаласындағы жаңажылдық мереке күндері «103» пультіне жүгінген. Дәрігерлер үшін 2023 жылдың 31 желтоқсанынан 2024 жылдың 2 қаңтарына дейінгі аралық оңайға түспеді. Медициналық көмек алу үшін мамандарға тоғыз мыңға жуық адам жүгінді.

Қала тұрғындары мен қонақтары негізінен дене қызуының көтерілуі мен жөтелге шағымданды. Сонымен қатар, өртүрлі жара

қат алған науқастар ауруханаларға жеткізілді. Пиротехникалық құралдардан жарақаттану мен күйік шалудың 13 жағдайы анықталды және 733 ЖРВИ диагнозы тіркелді.

Жедел медициналық жәрдем қызметінің аға дәрігері Ақмарал Асанова егер тәулігіне 4000-ға жуық өтініш түссе, мереке күндері олардың саны 7000 өтінішке дейін көбейгенін айтты.

Алматы қаласында Алматы қаласының барлық халқы мен қонақтарын 100 пайыз қамтитын 12 қосалқы станция жұмыс істейді. Күн сайын кезекшілікке 186 жедел медициналық жәрдем бригадасы қатысады. Жедел жәрдем қызметкерлері медициналық көмек көрсету бойынша өздерінің қызметтік міндетіне жауапкершілікпен қарайды.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

БАТЫР БАБА ҰЛЫҚТАЛДЫ

Қаламыздағы Б.Момышұлы атындағы №131 лицейде Бауыржан Момышұлының туғанына 113 жыл толуына орай «Қазақтың қарапайым бір ұлымын, жанымды арым үшін пидә еткен» деп аталатын еске алу кеші өтіп, оған батырдың келіні Зейнеп Ахметова қатысты. Дәстүрге айналған салтанатты кеш мектеп төріндегі батыр бюстіне гүл шоғын қоюмен басталды. Қонақтар алдымен батырға арналған мектеп мұражайын аралады.



Салтанатты кешті мектеп басшысы Роза Достанова ашып, өзінің жүрекжарды лебізін білдірді.

– Біз өз мектебіміздің қазақтың қайсар ұлының атында екенін әркез мақтан тұтамыз. Бұл, ең алдымен, бізге үлкен жауапкершілік, әрі зор мақтаныш екені анық. Сондықтан батыр бабамыз айтқандай, тәртіпті де тәрбиелі болуды мақсат тұтамыз. Өйткені, тәртіп бар жерде саналы тәрбие мен сапалы білімнің болары анық.

Өздеріңіз байқап отырғандай, мектебіміз биыл күрделі жөндеуден өтіп, жарқырап тұр. Жақында біз Бауыржан Момышұлының туған күніне арнап, аудан мектептері арасында «Біз Бауыржанды танимыз» атты байқау ұйымдастырған едік. Үш кезеңді қамтыған байқау барысында оқушылар батыр бабалары туралы көп білетіндіктерін танытты. Бұл өз кезегінде Отаның ұрпақтың өсіп келе жатқанын көрсетеді, – деді.

Сонымен, байқау жеңімпаздары анықталып, сыйлықтарды Зейнеп Ахметова табыс етті. Алғашқы «Бауыржанды оқып, тану» кезеңінде I орынды №163 мектеп оқушысы Балнұр Сұлтанғали, II орынды №17 мектеп оқушысы Аружан Әлімбек, III орынды №12 мектеп оқушысы Әмина Жұмағалиева жеңіп алды. Ал «Атадан қалған өсиет» кезеңі бойынша I орынды №172 мектеп оқушысы Ердаулет Екеман, II орынды №100 мектеп оқушысы Әмина Нүсіпова, III орынды №98

мектеп оқушысы Толғанай Дәулетхан ие болды. Сонымен қатар, «Тұлғалық бейне» кезеңі бойынша I орынды №172 мектеп оқушылары, II орынды №12 гимназияның «Бала Шоқан» театры, III орынды №33 мектеп оқушысы Айару Мәжид лайықты деп танылды.

– Ғалымдардың пайымынша, сөнген жұлдыздардың жарығы миллион жылға жетеді екен. Атамыз есімі де сол жұлдыздар сияқты халқымен бірге жасап келеді. Ата да жасай береді. Атамыз биік рухы барлықтарыңды желеп-жебеп жүрсін. Тасты жарып шынар да шығады, тасқа жабысып, қына да шығады. Тасты жарып шығатын шынардай болып өсіңдер! Ертеңгі күні еліне ес болатын, халқына қолдау болатын азамат болып өсіңдер деп тілеймін, – деді жазушы Зейнеп Ахметова.

Келесі кезекте Ауған соғысы жауынгерлері қоғамдық ұйымының басшысы, Алматы қалалық Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Мұрат Әбдішүкіров, «Бауыржан Момышұлы мұрасы» жобасының үйлестірушісі Оралжан Масатбаев, «Жас ұлан» мектебінің әдіскері Гүлімжан Мұхамбетжанқызы сөз алып, оқушыларды отансүйгіш рухқа шақырды.

Салтанатты жиын барысында бесінші сынып оқушылары «Жас сарбаз» қатарына қабылданды. Сонымен қатар, 10-сынып оқушылары Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінен үзіндіні сахналап, кеш соңы өнерпаз оқушылардың концертіне жалғасты.

Лия Мурначева «Отаным», Әделя Нұрсадық «Халқым-ай», Еділ Жетпісов «Қазақстан», Аңсар Әбдіразақ «Мен қазақтың ұлымын» әндерін шалқыта орындаса, Республикалық байқаулардың жүлдегері, сандуғаш үнді Фатима Әбетей жыр жолдарын төгілте оқыды. Болашағынан зор үміт күттіретін республикалық О.Бөкей оқуларының жеңімпазы Нұрәлі Нұрақын Оралхан Бөкейдің «Бес тиын» әңгімесін нәшіне келтіре оқығанда, бүкіл зал ду қол соғып, қошемет көрсетті. Мектептің «Тұмарханым» би ансамблінің өнеріне қазір қала тұрғындары кеңінен тәнті болып отыр. Бұл күні мың бұралған бишілер әлем халқының бірнеше биін биледі.

Мектептің ғана емес, қаламыздың мақтанышына айналған Кенжебек Абдрахман «Балафест» фестивалінің бас жүлдесін Мемлекет басшысының өз қолынан алып, өнері өрістей түсті. Бұл күні мектеп оқушыларымен бірге ұстаздар да өз өнерлерін көрсетті. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Алтынбек Жалын «Жаса, қазағым!», музыка пәні мұғалімі Өртқали Съезбек «Қазақстаным менің» әндерін шырады. Мереке құрметіне мектептің озат оқушылары «Жас Ұлан» қатарына қабылданды.

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА



Биылғы оқу жылынан бастап еліміз бойынша Оқу ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынып отыр. Бағдарлама аясында үш құндылық қамтылып, жұмыс істейтін болды. Жалпы, бұл бағдарлама ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

Аталған бағдарлама аясында Алмалы ауданындағы Әди Шәріпов атындағы №16 мектепте «Жақсылыққа жаралған жүрек» атты кездесу кеші өтті. Кездесуге жазушының жұбайы Клара Мыңжасарқызы, 1950–1960 жылдардағы мектеп түлектері қатысты.

Кездесу мектептегі Әди Шәріповке арналған мұражайды аралаудан басталды. Сосын кеш қонақтары ерлік сабақтарына қатысып, оқушылардың патриоттық сезімде жазған эсселерін тыңдады. Аталмыш мектептің ұстаздары оқушылардың бойына тек сапалы білім құюды ғана емес, саналы тәрбиені сіңіруді де зор міндет санайды. Сондықтан батыр атындағы мұражайда арнайы дәрістер өткізіп, адами құндылықтың әліппесімен таныстыруды бастап жатыр. Кеш қонағы Клара Мыңжасарқызы толқи отырып, өзінің ризашылығын білдірді.

МЕРЕКЕЛІК КЕШ

«АШЫҚ АСПАН, БЕЙБІТ КҮН»

Алатау ауданындағы Салтанат Әбдіжаппарова басшылық ететін №150 бөбекжай-балабақша бүлдіршіндері «Ашық аспан, бейбіт күн» атты мерекелік кеш өткізді.

Бұл балақайлардың өздері түгілі, ата-аналарының өзі тәуелсіз елде дүниеге келген. Сондықтан олардың ұғымына еркіндік пен тәуелсіздікке қол жеткізудің оңай болмағанын жеткізудің өзі оңай шаруа емес. Дегенмен, тәрбиешілер аталмыш кешті балақайлардың қабылдап, түсінуіне жеңіл болатын әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қызықты еткізіп өткізді.

ҚОЙЫЛЫМ

ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС
ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ

Оқушылар сарайында қаламыздың ең кішкентай тұрғындарына арналған дәстүрлі шырша мерекесі өтіп жатыр. Бұл жолғы шырша тойына төрт мыңнан астам бала шақырылды. Олардың дені көпбалалы отбасы, әлеуметтік аз қамтылған отбасы және ата-ана қамқорлығынан тыс қалған балалар.

Барлық балақайларды Оқушылар сарайының көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысушы жас әртістер құшақ жая қарсы алып, үлкен сахнадан қызықты оқиғаға құрылған қойылымдарды тамашалады. Мәселен, кішкентай көрермендер қызыға тамашалаған «Қысқы ертегі» қойылымы Аяз атаны іздеп шыққан кішкентай қыздың таңғажайыпқа толы оқиғасының желісімен жасалған. Мұнда хайуанаттардың да адамға дос, жақсылық жасағысы келетіні жан-жақты баяндалған. Қысқы демалыс барысында балалар он күн бойы Оқушылар сарайының театр үйірмесіне қатысушы өнерлі балалардың күшімен сахналанған 16 қойылымды тамашалады. Бұған қоса балалар аталмыш сарайдың салтанат залына орналасқан алып шыршаны айналып, Аяз ата мен Қарша қыздың тәтті сыйлығына риза болып жатыр.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.

ӘДЕБИ КЕШ

«БІЗ ҰРПАҚПЫЗ,
ЕЛІН СҮЙГЕН, САНАЛЫ»

Алмалы ауданындағы Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназияда «Тәуелсіз Қазақстан: ұлттық мүдде, шығармашыл тұлға, саналы ұрпақ» атты әдеби-сазды кеш өтті. Қаламыздағы алдыңғы қатарлы білім шаңырағының бірегейі саналатын аталмыш мектеп ұжымы бұл күні ән мен күйден шаңу шашып, мерекенің әрін кіргізді.

Алғашқы сөз кезегін мектеп басшысы Ақмарал Мағжанқызы осынау жылдар ішінде еліміздің қол жеткізіп отырған жетістіктері мен толайым табыстарын санамалап, білім саласына жасалып жатқан қолдауларға да ерекше тоқталды. Келесі кезекте ҚР еңбек сіңірген қайраткері Гүлшара Есетқызының шәкірттері, «Асыл мұра» көркем сөз үйірмесінің оқушылары тәуелсіздікке арналған жыр жолдарын ерекше шабытпен оқыды.

Мектептің өнерпаз оқушылары

● КӨРМЕ

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН КІТАПТАР

көрмесі өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСЫБЕВ

Оқырмандарға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында кітаптарды дербес тіркеуге, брондауға, алуға және қайтаруға мүмкіндік беретін «Dostyk Plaza» сауда орталығында сирек кездесетін кітаптардың бірегей көрмесі өтті.



Ернұр
РЫСБАЙ

Оның аясында автономды автоматтандырылған өзіне-өзі қызмет көрсететін кітапхананың жұмысы көр-

сетілді. Сирек кездесетін кітаптар көрмесіне 200-ге жуық кітаптар қойылған.

– Қазіргі таңда кітап оқығанды ұнататын адамдар үшін арнайы жоба ұйымдастырып отырмыз. Сирек кездесетін кітаптармен оқырмандарды та-

ныстыруды мақсат еттік. Алдағы уақытта өзіне-өзі қызмет ететін кітапханаларды көбейтуді жоспарлап отырмыз. Жастар көп жүретін ойын-сауық орталықтарында қойылады, – деді «Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Шахриза Зульярова.

Ұсынылған әрбір кітапқа қысқаша сипаттама бірге берілді. Сонымен қатар, оқырмандарға ыңғайлы болу үшін кітапты электронды форматта оқуға мүмкіндік беретін QR коды қойылған. Көрмеге қойылған сирек кітаптардың ішінде Ғабит Мүсірепов, Қави Нәжми, Ыбырай Алтынсарин, Жазылбек Қуанышбаев, А.С.Пушкин, А.П.Чехов, Р.Л.Берг, У.Шекспир, Гете, т.б. авторлардың туындылары бар.

– Бұл өзіне-өзі қызмет көрсететін автономды автоматтандырылған кітапхана өте ыңғайлы. Кез келген оқырман автоматтың жанындағы қызметкерге келіп тегін тіркеліп, оқырман билетін ала алады. Оқырман билетінің көмегімен автоматтан өзіне керек кітапты оңай әрі, жылдам алуға мүмкіндігі бар. Алған кітапты 14 күн ішінде қайта өткізе алады, – деді кітапханашы Дилфуза Султанова.

Қалалық кітапханалардың оқырманы болғысы келетіндер Алматы кітапханалары қызметкерлерінің көмегімен қашықтан тіркеле алады.

● ОҚЫРМАН ЛЕБІЗІ

Алатау қарттары әркез алда

Біздің Алатау ауданы ардагерлерінің басты мақсаты – мектеп оқушыларымен жиі кездесіп, болашақ туралы келелі әңгіме өткізіп, жас буын мен аға буын арасында жанды диалог орнатып, білгенімізбен бөлісу.

Сондай-ақ, жылда Қарттар айлығына белсене қатысамыз. Соның нәтижесі болар, барлық сайыста қала бойынша біздің аудан тек алдыңғы орыннан көрініп келеді.

Бізде 27 ықшамаудан бар. Әр ықшамауданның өкілдері дастархан жайып, ән-күй ұйымдастырып, ардагерлерін құрметтеп шақырып, төріне шығарады. Осынау жұмыстардың басы-қасында жүрген – аудандық Адагерлер кеңесінің төрағасы Сағаттула Таубалдыұлының орынбасары Нұрқасым Токмолдаев. Сондай-ақ, бәріне қолдау көрсетіп, көмек беретін, марапаттайтын аудан әкімі Азамат Қалдыбековке алғысымыз шексіз.

Біздің ардагерлер Түркістан, Арыстанбаб, Самархан, Бұқараға барып, зиярат етті. 70–90 жастағы ардагерлеріміз «жасымыз келді» деп қарап отырмай, Америкаға да барып, қазақтың кім екенін, салт-дәстүрін паш етіп қайтты. Оларды сол АҚШ-тағы қазақ азаматтары ұшақтан күтіп алып, қызмет көрсеткен. Қазақтың қарттарын алақандарына салып күтіп, қыдыртып, батасын алып, шығарып салған.

Біздің ардагерлер көрші, бауырлас қырғыз, өзбек жеріне де барып қайтты. Ол жақта да өнерімізді ортаға салып, бәріміз бауыр-қандас екендігімізді білдіріп, ықылас-ниетімізді танытып, өте риза болып оралдық. Мен салауатты өмір салтын ұстанған сергек замандастарымды әркез мақтан тұтамын.

Алуа ӘБІЛТАЙҚЫЗЫ,
Алатау ауданының тұрғыны,
ардагер-зейнеткер.

● ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

№107 маршрут саны көбейеді



№107 бағыттағы жылжымалы бірліктер саны Yutong маркалы автобуспен 2-ден 5-ке дейін ұлғайтылды.

«Автобус бағытының жоспарлы қозғалыс аралығы 30 минуттан 20 минутқа дейін қысқарады. Бұл ретте жолаушылардың өтінішімен маршруттың аралық уақыты ұзартылады. Мақатаев көшесі /Абдуллин көшесі жылжымалы құрам саны көбейеді», деп хабарлайды Алматы қалалық Мобильділік басқармасы.

А.ҚЫДЫР.

● ЦИФРЛАНДЫРУ

Елімізде мектептерге арналған алғашқы электронды кітапхана жүйесі іске қосылды. Бұл тиімді жүйені Алматының бірқатар мектептері қолдана бастады.

Жаңа жыл қарсаңында Қазақстанның бағдарлама жасаушылары еліміздің барлық оқушыларына үлкен сый жасады. Қазақстандық мектептерде кітапхана қорының толық циклдерін қамтамасыз ететін «QAZAQ MURA» бірегей жүйесі іске қосылды. Бұл оқушылардың кітап оқу құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін жаңа бағыт. «QAZAQ MURA» әсіресе, әдебиетке қолжетімділігі шектеулі аймақтардағы кітапхана жұмысын біршама оңтайландырмақ. Платформа Ұлттық кітап палатасымен интеграцияланған. Ол ауқымды кітап қорына тегін әрі шектеусіз қол жеткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, барлық мектептерден ақпарат жинап, нақты деректі де ұсынады.

Білім беру мен цифрлық инновацияларды дамытудағы мұндай жаңа қадам қазақстандық бағдарламашылардың арқасында мүмкін болды. Платформаны әзірлеушілер тобының жетекшісі Мұхатай Мәліктің айтуынша, бұл сандық кітапхана жүйесін дайындауға 3 жылдан астам уақыт жұмсалған.


«Кітапхана саласын цифрлан-

«QAZAQ MURA»

бірегей жүйесі іске қосылды



дыру қазіргі білім берудегі заманауи бағыт болып табылады. Бүгінгі таңда елімізде кітапхана қоры туралы толық ақпарат жоқ. Сондықтан Қазақстанның мектеп кітапханаларының жұмысын цифрландыру мен автоматтандыруға байланысты бірқатар іс-шараларды іске асыру бойынша жұмыстар қолға алынды. Яғни кітапханашылар ғана емес, оқырмандар, баспалар және білім басқармасы мен білім министрлігінің өкілдері де жүйеге қосыла алады. Платформа кітапхана ақпаратына негізделген құжат айналымы



жұмысын оңтайландырып, кітапхана қорын басқаруға мүмкіндік береді», – деді жоба авторы.

Жаңа жүйе кітапханашылардың жұмысын автоматтандырады және «OQU» мобильдік қосымшасын ұсынады. Ол қазақстандық оқушыларға әлемдік классиканы тек түпнұсқасында ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінде де тегін оқуға мүмкіндік береді. Аталған қосымшада әр оқушы кез келген кітапқа тапсырыс беріп, оның қорда бар-жоғын тексере алады.

«QAZAQ MURA» цифрлық кітапханасының мақсаты республи-

каның қалалары мен ауылдарындағы кітапхана инфрақұрылымының жетілмеген мәселелерін шешуге бағытталған. Нәтижесінде кітапхана қорының айналымындағы кітаптардың барлығының электронды нұсқасы қолжетімді болады. Бұл өскелең ұрпақты кітап оқуға ынталандырып, мәдени мұраның сақталуына да зор септігін тигізбек. Бүгінде бұл жүйеге Алматының бірқатар мектептері қосылды. Цифрландыру жобасы енді еліміздің басқа да аймақтарын қамтымақ.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

● КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ



Жаңа жыл қарсаңында белгілі журналист-жазушы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты, кеден қызметінің полковнигі Бекен Нұрахметовтің «Көңілдегі кейіпкер» атты эсселер жинағы жарыққа шықты. Жазушы өзінің бұл жолғы жаңа кітабын өмірде тағдыры тоғысқан, өмірде табысқан ең жақын жандарына арнап отыр.

Бекеннің кейіпкерлері



Рая
ЕСКЕНДІР

Жаңа кітапта жазушы өмірде қатар жүрген, жақын араласқан адамдарының жақсылығы, олардың адами ізгі қасиеттері туралы еске алып, қалам тербеген. Көпшілікке жол тартқан жаңа кітапта қаламгер өзінің кейіпкерлері туралы қалам тербеп қана қоймай, әр жастағы, әр саланың адамдарын кейінгі жастарға үлгі етеді. Әсте халқымыз «Жақсының жақсылығын айт» деп тегін айтпаса керек. Қаламы қарымды Бекен Нұрахметов те барды бағалап, көре білетін, кейіпкерін таба білетін жан. Содан да болар, оның әрбір кітабы оқырманының ыстық ықыласына бөленіп жатады.

Қалам ұстаған қаламгердің тағы бір шеберлігі – тақырып қоя білуі. Жалпы, тақырып қоя білу де тапқырлыққа жатса керек. Одан әрі, қаламгердің сөз саптауы, хикаяны өрбітіп, баяндауы болып кете береді. Өйткені, біз білетін Бекеннің кейіпкерлері де осал жандар болмаса керек. Әркім осы кітаптан өз көңіліндегі кейіпкерін табады анық. Мына өмірден сұлулықты, сыйластықты іздесеңіз, осы кітапты оқығаныңыз абзал! Кітап «Ана-б» баспасынан шықты.



АЛМАТЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫЛЫҚТАР

Қыс түсті. Бізде қытымыр қыстың мінезі сан түрлі. Суық бір жерінен кірсе, дене мүшенді ауыртпай қоймайды. Сондықтан суықтан сақтанайық! Хакім Абай «қараша-желтоқсан мен сол бір екі ай» деп тебіреніпті. Бұл айлар бірде суық, бірде жылымық болып тұрады. Өйткені табиғаты солай. Осыған қарап ауа райына иланып қалудың қажеті шамалы. Қаңтар айы келді, сондықтан мейлінше киім-кешекті қыс мезгіліне сай киген дұрыс болар.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Сәнқойлық сан соқтырады

Қыс мезгілінде желең жүргендерге жан ашиды. Алматыда жастар шоғыры өте көп. Олар түрлі өңірлерден келіп білім алады. Дені – студенттер. Барша сән атаулы осы жерден басталатындай. Әрине, сыртқа еліктеу әлеуметтік желіден басталар. Алайда, бір-бірінен үйрену басым. Мұның салдары бүгін болмаса, ертең жас ұлғайғанда кері әсерін тигізеді. Оған жастық қызу бой алдырсын ба? Әлбетте, жоқ!

Мегаполис тым үлкен. Мына басынан арғы шетіне шығу мұң. Жолда сағаттап уақыт жоғалтасыз. Әсіресе, қоғамдық көлікте кетіп бара жатып талай қызық көресіз. Кейде тартысып, жұлысып қалғандарды байқайсыз. Ол жағы өзінше бір әңгіме. Сонда көпшілік назар аударма бермейтін жағдай бар. Яғни жұрт желең киінуге әуес. Соның ішінде жастардың дені желең жүреді. Ет қызу ма, әлде жастық жалын ба, тобық көрсетіп, кеудені ашып, бір қабат шалбар киіп, үстіңгі бөлікке күрте кесе жеткілікті сияқты. Бәрі жұқа! Оны қойшы. Аязды күндері көкірегің ашып, бұтын жұқалап, қарды қақ жарып қыздар ерсілі-қарсылы жүреді. Әй, қыста кіндік көрсетудің қай модаға жататынын түсінбедік. Жаз болса, жалаңаштанатыны екібастан белгілі. Кейде теріс қарамай бетіңе



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

қарап тұрса да, жынысын ажырата алмай қаласыз. Өйткені, бүгінгілер сырғаны құлаққа емес, үнділердің келіндеріне ұқсап мұрынға тағып алатынды шығарды. Ондай әсіре сәнқойлар қыс пен жазға қарамайды. Сондай-ақ, ер мен әйелге тән ерекшелік жойылғандай. Мұны айтпасаң, сөздің атасы өліп барады. Негізі, адамның сыртқы пішіні көп дүниені аңғартады.

Бауырлар бір-бірінің киімін
киіп жүретін...

Үлкендер біраз нәрсені біліп сөйлейді. Баяғыда егде кісілер жаңа киім алсақ, «ыстық дененде тозсын!» деп тілектес болушы еді. Сол уақытта оның мәнін түсінбейтінбіз. Енді енді мағынасын ұға бастағандаймыз. Үлкен кісілер аяғыңды, басыңды, беліңді жылы ұста дейтін. Сонда бірін тындап, екіншісіне мән бермейтінбіз. Өздері жылы жер іздейтін. Үйде пештің түбінде отырса да жылуды жақсы көретін. Неге бүйте беретінін осы күні түсінгендейміз. Өмірдің ыстық-суығын

кешіп, содан бойдағы энергияны жұмсаған екен ғой. Сол соқпақты өздері басып өткен соң, біздің душар болмауымызды ойлайтын көрінеді.

Бұрын ағалы-інілі, әпке-сіңлі бір-бірінен киім ауысып кие беретін. Қазіргідей бас-басына жеке-дара киім алып беру бола бермейтін. Соның соңғы сілемдерін тоқырау жылдары туылған біздер сездік. Бүгінде олай емес. Бір үйде бес бала болса, әрқайсысы жалғыз ұл сияқты өмір сүреді. Ғаламтордан көргенін өмірде қайталайды. Оларға бар жағдай болып тұру керек. Ал оған ата-ананың жағдай жете ме, ол жағына қарамайды. Мұндайлардың келешегі қалай болар екен?! Сонда бауырлар арасында бірінен қалған киімді екіншісі киюге жиірек, арғы жағын айтудың өзі қиын. Баяғының жақсы тұстары бүгінге жарамай қалғаны ма, бұл қалай?

Ұлттық өнімді брендке
айналдырайық

Біздің мақсат – көрген-білгенді айтып, талдап мақала жазып, қоғамға қозғаушы ой

салу. Негізі не болса да, көшеден көресіз. Интернеттен қарасаң, суретін көргендейсің. Ал өмірде небір әсемдікке кезігесің.

Біздің кейбір жастар өнерлі ғой. Жұйткіген көліктер арасында, қарбалас қала тіршілігінде жарасымды киініп, барды көрсетіп, кетіп бара жатады. Жас адамға бәрі жарасымды. Қазақи нақыштағы бөрік, тымақ типтес бас киімді киіп алады. Нағыз түлкі тұмақ бәріне бұйырмас, алайда біразы соған құмар. Оқта-текте қазақша тон киіп алғандарды көз шалады. Ілуде бір болса да, саптам етік киетіндер бар. Бәлкім, ол арнайы бір мерекеге бара жатқан болуы мүмкін. Дегенмен, әп-әдемі. Осындай жандарға қарап сүйсінеміз.

Кешегі жолы «Медеу» мұз айдынына көтерілдік. Сонда байқағанымыз, қазақтың небір ұлттық киімдерін тізіп қойыпты. Бағасы да әжептәуір екен. Суретке соларды киіп бір түсу қалтаны қағады. Бұл, әсіресе, шеттен ағылып келген туристерге ыңғайлы болса керек. Өзіміз Өзбекстанға барған кезде әртүрлі тарихи орындарға кіру жергілікті халыққа арзан екен. Дәп осындай тәсілді бізде қолдансақ болады ғой. Әр мезгілге сай ұлттық киімдерімізді жандандырайық. Бағасын жергілікті жұртқа қолжетімді етсек, пайдалы емес пе? Бір жағынан отандық өнім, ұлттық брендке сұраныс артар еді. Бір ғана UFS чемпионы, қазақтың батыр ұлы Шавқат Рахмоновтың өзі тұмақ-бөрікті насихаттап жүр. Үнемі сегізбұрышқа киіп шығады. Біздің киім қауқаздың папахасынан еш кем түспейді. Қалайда қазақтың ұлттық киімдерін біз бен сіз жандандыруға тиіспіз.

ТҮЙІН:

Соңғы кездері жылы киінген ұрпақ саулығы үшін маңызды екенін бәрі айтты, медициналық жағынан да дәлелдеп жүр. Бірақ құлақ асар кісі қарасы аздау боп тұр. Импорттан келген синтетикалық тауарлар нарықты жаулады. Бұл да өзінше мәселе. Қашан ұлттық киімді жаппай тұтынып, насихаттар екенбіз. Сол күнге жеткізсін!

КӨРМЕ

МӘҢГІЛІК ЖҰМБАҚ БЕЙНЕЛЕР

балалардың таза да ұшқыр қиялынан
туған туындылар әсерлі сезімге бөлейді

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі «АРТ-шеберхана» бейнелеу студиясының және «Таланттар академиясы-KZ» ұлттық құндылықтарды қолдау орталығының ұйымдастыруымен «Тәуелсіз елім – бақытым менің!» атты көрме ұйымдастырды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Көрме өзіндік концепциясымен ерекшеленді. Өйткені, музей жанындағы бейнелеу студиясы баланы 3 жастан бастап сурет салу өнеріне баулып, жалпы бейнелеу өнері саласын жан-жақты үйренуіне жетелейді. Студияның мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің дарынын ояту, бірінші базалық дайындық курсы өткізу, сондай-ақ сурет өнеріне деген сүйіспеншілігін және потенциалдық талабын ашу.

Осы міндеттердің нәтижесі ретінде ұйымдастырылған көрмеге музейдің

«Арт-шеберхана» студиясымен қатар, «Сымбат» дизайн және технология колледжінің, Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰОА мектеп-интернат колледжінің оқушылары да балғын туындыларын ұсыныпты. Көрмеге балалар мен жасөспірімдердің 50-ден астам

шығармашылық жұмыстары қойылған. Олардың еңбектері реалистік, авангардтық, абстрактық стильдегі қайталанбас композициялық шешімдерімен ерекшеленеді.

– Балалардың таза да ұшқыр қиялынан туған туындыларында жарық өте көп және бәрі де шат-шадыман, қуанышты

түстерге бай. Сюжеттеріндегі біздің Отанымыздың сұлулығы, дала гүліне оранған шексіз жазықтар мен төбелер, тау жоталар, мәңгілік жұмбақ бейнедегі бұлтты аспанмен тіресе үндескен таулар әсерлі сезімге бөлейді, – дейді Ә.Қастеев музейінің «Музей педагогикасы және жобалау қызметі» бөлімінің жетекшісі Гүлнар Жұбаниязова.

Өнерге, шығармашылыққа, сұлулыққа құштар балаларды кәсіби бейнелеу өнерінің қыр-сырын танып-білуге және оның биік шыңына шығуына жетелеп жүрге «Арт-шеберхана» ұстаздары – музей ісінің кәсіби мамандары және шығармашылықта тұлғалық қолтаңбасымен танылған суретшілер Ғалым Оспанов, Алмат Оспанов, Гүлнар Жұбаниязова. Олар болашақ суретшілерді тәрбиелеуде балалардың бойындағы табиғи талантын ұштай, дамыта отырып, өнер арқылы ұлттық тарих пен мәдениетті, ата-бабаларымыздың ежелгі философиясына негізделген рухани құндылықтар туралы терең түсінуге және ұғынуға мүмкіндік жасайды.

Бұл күні көрермендер, сондай-ақ, «Таланттар академиясы-KZ» ұлттық құндылықтарды қолдау орталығы өрендерінің концертін тамашалады. Сосын балалар «Сақа» танымдық және интерактивті квест ойынына асқан қызығушылықпен атсалысты. Сұрақ-жауаптар музейдің экспозиция залдарымен байланысты болды. Бұл да өз кезегінде жас буынды мәдениетке, руханиятқа тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарымызға қызықтыру.

Көрме соңында оған қатысқан балалар мен жасөспірімдер марапатталып, жас достарымыз құшақ-құшақ қуаныш, әсерлі эмоция және алдағы уақыттары салынатын жаңа картиналарына шалқар шабыт алып тарқасты.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша «Қауіпсіздіктің кешенді жүйесі» жобасын іске асыру аясында 186 балабақшаға жабдықтар орнату жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, 8638 бейнебақылау жүйесі орнатылды, оның ішінде 7062 – ішкі, 1576 – сыртқы. Сондай-ақ, барлық балабақшалар Алматы қаласы Полиция департаментінің жедел басқару орталығына (ЖБО) сигнал беру мүмкіндігі бар өртке қарсы қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған.

БАРЛЫҚ МЕКТЕП БЕЙНЕКАМЕРАМЕН БАҚЫЛАНАДЫ

Алматының білім беру ұйымдарында былтыр 21 мыңнан астам кешенді қауіпсіздік жүйелері орнатылды

Мемлекеттік меншік нысанындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын бақылау жүйелерімен (домофондармен), бейнебақылау камераларымен, дабыл түймелерімен және өртке қарсы қауіпсіздіктің кешенді жүйелерімен жарақтандыру жұмыстары орындалды. Оған 2023 жылы 610 178 млн теңге бөлінді.

2023 жылдың желтоқсан айының басынан бері мектептерде орталық басқару орталығына қосылған барлық бейнебақылау камералары мен дабыл түймелерін жаңарту жұмыстары басталды. Бүгінгі таңда 131 мектепте жаңарту жұмыстары аяқталып, 77 мектепте жалғасуда. Сондай-ақ, 214 мектепте барлық қауіпсіздік жүйелерін жаңарту жоспарланған. 12 475 бейнебақылау камерасы мен 214 дабыл түймелерін орнату жоспарлануда. Сигналды тікелей Жедел

басқару орталығына жіберу мүмкіндігіне ие болатын өрт қауіпсіздігі жүйелері де орнатылады. Сондай-ақ, бет-әлпетті тану мүмкіндігі бар 415 турникет орнатылады.

Бұлардан басқа, 15 интернат мекемелері 277 бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. Оның ішінде: 184-і ішкі, 93-і сыртқы. Алматы Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына 95 камера қосылды. 15 интернатта дабыл түймелері орнатылған. 15 мектеп-интернаттың 8-інде мамандандырылған күзет қызмет көрсетеді.

Қала колледждері де қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған. Мәселен, 20 колледжде 1503 бейнебақылау жүйесі орнатылған. Оның ішінде: 1064-і ішкі, 439-ы сыртқы. Бұл ретте Алматы Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына 126 камера қосылған. Дабыл

түймелері мен турникеттер де орнатылды және барлық 20 колледжге арнайы күзет қызмет көрсетеді.

Сондай-ақ, 17 мектептен тыс мекемеде 436 бейнебақылау жүйесі орнатылған. Оның ішінде: 239-ы ішкі, 197-сі сыртқы. Бұл ретте Алматы Полиция департаментінің жедел басқару орталығына 233 камера қосылған. 25 дабыл түймесі орнатылған. 7 мектептен тыс мекемеге турникет орнатылды. Барлық 17 мектептен тыс мекемеге мамандандырылған күзет қызмет көрсетеді.

Жоғарыда аталған барлық мемлекеттік білім беру ұйымдарының жазбаны 30 күн бойы сақтай алатын бейнебақылау және қауіпсіздік жүйелерімен 100% қамтамасыз етілгенін атап өту маңызды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

500 ЖАҢА АВТОБУС

Алматы коммуналдық автопаркіне қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен биыл сатып алынған газбен жүретін жаңа автобустар келіп жатыр.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жазда желіге 100 жаңа автобус шығарылды. Қазір тағы 500 жаңа автобус рәсімделіп, дайындалды. Дайын болған кезде олар жолаушылар ең көп жүретін маршруттарға шығады. Мысалы, 2024 жылдың қаңтарында №63, №28, №14, №92, №120, №120А, №79, №50 және т.б. маршруттарды күшейту жоспарланған.

Бұған қоса, троллейбус паркіне 100 троллейбус сатып алынды. Қазір олар жолаушылар тасымалына шыққан. Ал

жеке тасымалдаушылар тұрақты негізде жаңа жылжымалы бірліктерді сатып алуда. Биыл 550 автобуска арналған жылжымалы құрам жаңартылды. Осылайша 2023 жылдың соңына қарай қоғамдық көліктің экологиялық отын түріндегі үлесі 53%-ға жетті.

Естеріңізге сала кетейік, биыл жыл басынан бері 22 жаңа бағыт ұйымдастырылып, 205 автобус тартылып, 364 автобус есебінен 24 маршруттағы жылжымалы құрам жаңартылды. Бұл ретте орта есеппен тәулігіне жолаушылар ағыны 1,2 млн-нан 1,5 млн жолаушыға дейін өсті.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АҚЫЛЫ ТРОТУАР ТҰРАҚТАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бытырғы 30 желтоқсаннан бастап Бостандық, Түркісіб, Жетісу және Наурызбай аудандарында ақылы тротуар тұрағына минуттық ақы төленеді.

Бостандық ауданында 9 аймақ және 710 автотұрақ болады. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 45 орын бар. Түркісіб ауданында 1 аймақ, 305 тұрақ-орын, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 15 орын бар. Жетісу ауданында 2 аймақ, 201 тұрақ-орын және мүгедектігі бар адамдар үшін 20 орын бар. Наурызбай ауданының 1 аймағында 75 тұрақ-орын бар, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін 2 орын жұмыс істейтін болады. «Алматыпаркинг» КМК ыңғайлы болу үшін «Алматы тұрақтары» мобильді қосымшасын пайдалануды ұсынады. Ақылы тротуар тұрағының жұмыс режимі күн сайын сағат 8.00-ден 19.00-ге дейін. Бір сағаттың құны – 100 теңге.

Дайындаған Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ҚАРАСУДА» ЖАҢА АЛЛЕЯ АШЫЛДЫ

Алатау ауданында тұрғындардың жайлы өмір сүруіне жағдай жасау бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Бүгінгі күні «Қарасу» ықшамауданында жалпы ауданы бес футбол алаңындай болатын жасыл оазис тұрғындардың игілігіне берілді.



Мәншүк
БЕКБОСЫН

Осыдан екі-үш ай бұрын Алатау ауданына жұмыс сапарымен барған қала әкімі Ерболат Досаевтан жергілікті тұрғындар қараусыз қалған жерден аллея ашып беруін сұраған еді. Тұрғындардың өтініші жауапсыз қалмады. Шаһар басшысы тиісті мамандарға қараусыз қалған бұл аумақты ретке келтіріп, ағаш отырғызып, абаттандырып, жайлы қалалық ортаға айналдыруды тапсырған еді.

Осылайша «Қарасу» ықшамауданы тұрғындарының демалуы мен белсенді уақыт өткізуі үшін жаңа орын құрылды. Жоба аясында аумаққа күрделі жөндеу жұмыстары

жүргізілді. Жалпы ауданы 36,5 мың шаршы метр болатын жасыл аймақ кеңейтіліп, ретке келтірілді. Қара жерге асфальт төселіп, 79 жарық шамдары орнатылып, 32 орындық пен тастан жасалған 20 көкжиек жәшіктері қойылды. Аумаққа емен, қайың сынды барлығы мыңнан аса ағаш отырғызылды. Сондай-ақ, жаңа жылдың басты көркі – безендірілген шырша ағашы қойылды.

Келер жылы да Алатау ауданы әкімдігі жасыл аймақтар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандырып, көркейту бойынша жұмысты жалғастыруға ниетті. Бұл жұмыс аясында суару жүйесін төсеу, шағын архитектуралық пішіндерді (ШАП-дерді), перголаларды және басқа элементтерді орнату көзделген.

«Логистика және Көлік академиясы» АҚ және колледждерінің ұжымы техника ғылымының кандидаты, Жылжымалы құрам кафедрасының профессоры, «Құрметті теміржолшы», Ардагерлер алқасының төрағасы

Михаил Каженович ШАЛАБАЕВТЫҢ мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына және барлық теміржолшыларға қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімі
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 747 617 17 37 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 421

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚЫРЫҚАЯҚ»

ҚЫСТЫҢ АЛҒАШҚЫ АМАЛЫ

Қолданыстағы күнтізбе (григорианша) бойынша ескі жылды шығарып салдық, 2024 басталды. Дегенмен, әлі қоян жылы біткен жоқ. Табиғаттың күнтізбесі алдағы наурыз айының 22-сі күні өзгереді.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Қазекен қоян жылын жақсы атамаған. «Қоян секіріп келіп, секектеп кетеді» деген. Тарихқа көз салсақ, қоян жылының талай зобаланды алып келгеніне куә боламыз. Қоян өзі шағын, еті дәмді болғанымен, мінезі қатты. Аязы мол, ызғары көп, бораны мен желінің есебі жоқ. «Қоян жылы – қамбалы, Ұлу жылы – үлгілі» деген де сөз бар. Сол үлгілі жылдан елдің үміті көп...

Сонымен, амалы көп қаңтар айы басталды. Қазекен бұл айды дәлу деп атаған. Осы айдағы амалдардың реті мынадай: «күн таласы» немесе «күннің бой көтеруі», «қырықаяқ», «тоқырау», «қара суық», «қылау», «қызыл соғып тұр», «қызылдаттып тұр», «қара суық», «қыс шілдесі» («сары аяз»). Олар бірінен кейін бірі жалғасып, қаңтардың 25-іне дейін ұласады.

Қазір «қырықаяқ» амалы көрініс беруде. Қаңтардың 15 жаңасына дейін жалғасады.



Қыс маусымының бірінші амалы. Қаңтарда қылаулап жауған қарды қырық күн жел үйіріп, бұйдалап тұратынына қаратылып айтылған.

Ауа райының ерекшелігі: қар жауады, күн суытады. «Қарды қылау өсіреді, баланы сылау өсіреді», «қаңтар тумай қарға жарымайсың» деген мақалы, қанатты сөздері бар. Әрине, бұл қазақы пайым бойынша жазылып отыр.

Алматыда өткендегі толасыз қардан кейін тыныштық орнаған. Ал еліміздің өзге өңір-

лерінде, әсіресе шығысы мен солтүстігінде, оңтүстіктің кейбір өңірлерінде дауыл мен боранның салдарынан автокөліктер жолда қалып жатыр. Аяз бен жел, дауыл қосылып халықты да, оларға медициналық және тұрмыстық қызмет көрсететін қызметшілерді де әбігерге салуда...

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қаңтардың 4-і, ай есебі бойынша – 22-сі. Қазақы есепке жүгінсек, қаңтар айы енді 9 күннен кейін басталады. Апта айдың басына, ортасына және соңғы 10 күніне деп

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Аң-құстың, аспан денелерінің қозғалысына қарап жасалған жорамал

ҚЫСТА:

* Қыс қарсыз болса, жаз қуаң болады.

* Жер көлкілдеп, ылғал молайса, жазда жер отты болады.

* Дала қарлы болса, жазда жер нәрлі болады.

* Алқап қалың қар жамылса, көкекте көл суға толады.

* Екі аралықта қар жауса, көктем жаңбырлы болады.

* Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенеттен қатты суытады.

келіп тұр. Аспан денелерінің білдіруі бойынша, аптада жауын-шашын сирек көрініс береді. Күн жылынады, аяз таңға қарай болуы мүмкін. Қазақы пайым осылай дейді... Келесі кезекте «Тоқырау» амалы басталады. Амал бойынша, осы мезгілде бет қаритын аяз, құлақты үсіретін үскірік болады. Ағаш бұтақтарына сүңгі қатып, қар кеш батқанша қылаулап жауады...

Пайым бойынша, қыс күшіне еніп, сақылдаған сары аяз, бет үсіп, құлақ түсетін үскірік көрініс беретін кез. Еліміздің өзге өңірлерінде бұл амал күшіне енгенімен, Алматыда әзір тыныш. Ертелі кеш ескен ызғар болмаса, аяз жоқ. Алматылықтар бет қызартатын аязды сағынып жүрген сияқты.

Бірақ аспан денелері мен жұлдыздардың қозғалысы Алматыда айтарлықтай аяз болмайтынын аңғартқандай. Кейде амалдар қабағтаса келіп, шаруаның шырқын бұзатын кездері де болған.

СПОРТ

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР – АСЫЛ МҰРАМЫЗ

Алматы қаласы мектептері арасында ұлттық ойын түрлерінен сайыс өтті. Бұл жолғы спорттық сайыс Алмалы ауданындағы №58 мектеп базасында ұйымдастырылды. Барлық спортшыларды мектептің Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мен еріктілер қарсы алды. Спорттық іс-шара қалалық Білім басқармасының тікелей қолдауымен өтті.



оқушылардың ұлттық спорт түрлеріне деген қызығушылығы оянып, салауатты өмір салты салтанат құра бастады. Дәл қазіргі таңда ұлттық спорттық ойындары мектеп бағдарламасына еніп, оқушыларымыздың дене шынықтыру пәніне деген қызығушылығы арта түсті. Мұны өткізіліп отырған іс-шараға мектеп оқушыларының

белсене атсалысып жатқанынан да байқауға болады, – дейді Алмалы аудандық Білім бөлімінің басшысы Зоя Қашқынбаева.

– Ұйымдастырылып отырған спорттық іс-шараның «Ұлттық ойындар – бабаларымыздан қалған асыл мұра» деп аталуының өзі үлкен маңызға ие. Бұл қадам, ең алдымен, ұлтымыздың мұрасына айналған спорт түрлерін жаңғыртып, тамырына қан жүгіре бастағанын көрсетіп отыр. Әрі

Сонымен, қала мектептерінен келген оқушылар «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Бес асық», «Жаяу көкпар» сынды ұлттық спорттық ойын түрлері бойынша жарысқа түсті. Бұл спорттық ойын түрлері ептілікті,

шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан математика пәнінен өтетін олимпиадалардан еш кем болмады.

Сонымен, «Асық ату» бойынша қала мектептері арасынан ең үздік ойын көрсеткен №58 мектеп оқушысы Батырхан Жүсіпбек I орынды алды. II орынды №87 мектеп оқушысы Шымбай Нұрислам алса, №58 мектеп оқушысы Нұрдіәулет Ниятұлы III орынды иеленді. «Бес асық» ойын түрі бойынша II орынды – №58 мектеп және I орынды – №39 лицей командалары иеленді. «Тоғызқұмалақ» ойыны бойынша III орынды №201 мектеп-гимназия, II орынды №148 мектеп-гимназия мен №198 мектеп, I орынды №58 мектеп командасы жеңіп алды. Спорттық сайыстың ең тартысты өткен түрі – «Жаяу көкпар» жарысы болды. Спорттың бұл түрінен I орынға №67 мектептің командасы, II орынға №58 мектеп командасы, III орынға – №96 мектеп командасы ие болды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ – СЫРҒАНАҚ

Алматыда 20-дан астам ашық мұз айдыны жұмыс істейді

(Басы 1-бетте)

Қалған 4 мұз айдынын осы қаңтар айында іске қосу жоспарда бар:

1. Шухов көшесіндегі саябақ;
2. «Авиатор» стадионы;
3. Наурызбай ауданы әкімдігінің аумағында;
4. Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры.

Мұз айдындарына кіру тегін. Мұнда конькиді жалға беру пункттері жұмыс істейді. Конькиді екі сағатқа жалға алу құны – 1000 теңге.

Жалға беру пункттері жұмыс күндері таңғы сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін және демалыс күндері 10.00-ден 23.00-ге дейін жұмыс істейді. Мұз айдындары тәулік бойы жұмыс істейді.

Бұдан өзге, мегаполисте жеке 9 ақылы ашық мұз айдыны жұмыс істейді.

1. «Алматы Арена» мұз сарайы аумағында.
2. «MEGA Park» COO аумағында
3. Жандосов көшесі – Ықылас көшесінің қиылысында.
4. «Есентай мол» COO аумағында.
5. Villa dei Fiori аумағында.
6. «Халық Арена» мұз сарайы.
7. «Арман» кинотеатры.
8. «Alem park» отбасылық демалыс саябағының алдында
9. Aport Mall COO аумағында орналасқан.

Мәншүк ЖҮРСІНҚЫЗЫ.

